# «НАРМАНБЕТ АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ»

**Жетекші ұстаз**
**Бегетаева Әлия Төлеуғазықызы**

**Жобаның авторы**
**9 сынып оқушысы Мрасіл   Эльнара**



# Жоба мақсаты:

Көп көңіл бөлінбей, жарыққа шықпай отырған ата-бабалар мұрасын жандыруға, кейінгі ұрпақ бойына сіңіруге әсер ету және жергілікті тұлғалар есімімімен өмір жолы және шығармашылығы бойынша жас ұрпақты сауаттандыру арқылы өнерге деген қызығушылығын, өз бойындағы жеке дара ерекшелігін, дарыннын ашып бейімін қалыптастыруға көмектесу



# Гипотезасы:

Егер де ұсынылған дәстүрлі әндерді орындау сыныбын ашу тәжірибиесі ресурстық эксперимент жағдайында іске асырылатын болса,

- біріншіден, ата-баба мұрасын жойылу процессі тоқтайды, Нарманбет ақын шығармалары үйретіледі, талданады.

- екіншіден, дәстүрлі ән орындалу шеберлігі дамиды, өркендейді және осыған орай халықтың ұлттық фольклорының жағдайын жақсарту жолдары айқындалады.



# Жоба жаңалығы:

Бұл зерттеудің жаңалығы Нарманбет шығармаларын оқи отырып оның сазгерлік өнеріне көңіл қою. Ерекше дарыны бар балалардың бейімін дамыту мақсатындағы дәстүрлі әндерді орындау сыныбын ресурстық эксперимент жағдайында ұйымдастырудың оңтайлығында.

# Жоба нәтижесі:

Ауданымызда ұлы тұлғалар өмірі мен шығармашылығын жүйелі түрде тиімді етіп оқыту ата-баба мұраларына деген құрмет, мәдени құндылықтардың тұрақты түрде жүйеленуін қамтамасыз етудің басты жолы болып саналады. Сондықтан Нарманбет шығармаларының «Алаш» тақырыбындағы сазгерлік сипатының негізінде жүргізілетін жұмыс нәтижелері 12-жылдық білім беру ұйымдарындағы мектеп түлегінің жеке дара ерекшелігі бар. Дарындылығының дамуы мен бейімін ашуға, кәсіптік бағдар алуы мен тағы да басқа әлеуметтік мәселелерді шешуге болатынын дәлелдеді.



# Практикалық қолдану саласы:

Осы жұмысты Қазақстан Республикасының Білім жыне Ғылым Министрлігіне ұсынуға, қазақ әдебиеті мұғалімдерінің білім көтеруге арналған семинарларында, тіл және ән өнерімен айналысатын мамандардың негізгі жобаларында пайдалануға болады.

# АҚТОҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ТӨЛ ҚҰЖАТЫ





# Нарманбет Орманбетұлы

**Нарманбет Орманбетұлы** -ағартушы, ақиық ақын, жыр керуенінің көш басшысы, философ. Мазары Нарманбет селолық окургіне қарасты Сағa деген жерде. 1991 жылы Нарманбет қыстағы маңындағы Ерменбет қосқызылында үлкен ас берілді. Жаңадан ескерткіш көк тас қойылды. Бұрынғы XXII партсъезд атындағы кеңшарға ақын есімі берілді






# ӨМІР ЖОЛЫНАН ҮЗІНДІ

1859 жылы сол кездегі Қарқаралы уезінде, қазіргі территориялық бөлініс бойынша Қарағандыоблысы Актоғай ауданында, қазіргі өз атымен атлатын Нарманбет ауылында, Саға деген жерде туып өскен. Туған жері аталып жүрген Сағаны 10 жасар Нарманбет өз шешендігі мен алғырлығының арқасында ата мекенге айналдырған. Руы Тобықты оның ішінде Дадан, Қалдау, Балтабай болып таралады.Орманбеттен туған Қалиман, Нарманбет, Тілеуберлі, Алдаберлі, Құдайберлі, Сақып, Тауық, Разиға, Қаппар, Аппар, Бөдене, Қасым және Мұса. Он үш баладан төрт баласы жастай қайтыс болған. Нарманбет ұлдан үлкені болғандықтан ең жақсы көретін баласы болыпты. Бірде өз тұсында Жиренше шешен атанған Бертісұлы Шалқар сыншыға Орманбет балаларын сынатқанда; «Буыны жоқ былқылдақ, сүйегі жоқ сылқылдақ деген адам осы болайын деп тұр. Кісі өлтірмейді, кісіден жеңілмейді,» деп баға беріпті.Орманбет үлкен ұлы Нарманбетке ерекше көңіл бөліп, болашағынан үміт күтеді. Жалғыз-ақ кісі үйіне бармайтын салмақты, сабырлы бала болып өсіпті. «Кісі үйіне барып есік жақта отырғанша, өз үйімнің төр алдында отырғаным жақсы емес пе!» - деп айтыпты он жасқа толмаған Нарманбет. Әкесі Орманбет Балқаш көлінің маңынан көшіріп қонысты Дересін деген жерден жер алып береді. Бір күні тасынған

Орманбет өз балалары Нарманбет, Алдаберлі, Тілеуберліні ертіп Асанқойбастың басына шығып; «Мен алған жерді көрмейсіңдер ме? О шеті мен бұл шеті ат шаптырым жер»,-депті. Сонда Нарманбет; «Акке, жер табылар-ау, ел табылмас Сәдіге қиянат жасадыңыз ғой»- деген екен. Ақынның жеті атасының қолынан билік кетпеген, байлығымен емес, шешен, әділ билігімен аузына ел қаратқан тұқымнан тарайды. Өз әкесі де шешен, өжеттігімен ел басқарған адам. Нағашысы Қаракесектің

керней Балта Түйте деген рудан шыққан. Нарманбет әкеміздің анасы Балбырауын әжеміз Керней Бәкі ақынның қызы өзі ақын, әрі алысты болжай білетін көреген жан болған. Ауыл жігіттерімен қалжыңдасқанда әзіл-оспақты қолма-қол суырып салып айтатын ақын қыз болған. Нарманбет ақын нағашысы һәм қайын ағасы Жуасбай ақынмен айтысқанда;

**Мен өзім қайдан шықтым, даудан шықтым,**
**Нағашым Балта, Түйте «екі темір»,**
**Қажымас қара болат жаудан шықтым,-** деп мақтан тұтады. Әжеміз өз ауылына төркіндеп барып өзінің немере сіңлісі Аққошқарқызы Мәликенің ақылдылығына, өнерлі іскерлігіне, сұлу парасаттылығына, ақындылығына қызыққан. Өзімен бірге ере барған баласы 12 жасар Нарманбетке айттырып, өз төркініне құда түскен. Қалың малын төлеп қояды. Мәлике Нарманбеттен 7-8 жастай үлкен екен. Анасының; «Мәлике ел ұстайтын үлгілі бәйбіше, абыройыңды өсіретін белді серік болады» - деген өсиетін қатты құптайды. Келесі жылы бабамыз Орманбет 20 кісі, баласымен барып, Кернейде бір ай жатып, келіні Мәликені тоғыз қанат ақ үй тігіп, алты қанат ас үй, жиырма түйе жасауымен алып қайтады. Әкеміз Нарманбет әжеміз Мәликені қатты сыйлаған, барлық билікті басқаруына берген.

Алдымен діни мектепте, кейін Қарқаралыдағы екі сыныпты орта-қазақ мектебінде оқыған. Араб, парсы, орыс тілдерін жетік біліп, әдебиетімен таныс болған. 12-13 жастан бастап өлең шығара бастаған. Нарманбет бала кезінен оқуға, білімге құштар болып өсті. Жастайынан ел басқару ісіне араласқан. Одан кейін Семейде орысша оқыған. Сол кезде Абайдың ауылына барып сәлем береді. Қайтарында; «Ел қашық, қаражатым таусылып қалып еді» -дейді. Сонда Абай; «Баймын, қайыр садақам жоқ, батырмын, мейір-шапағатым жоқ, молдамын, тақат ғибадатым жоқ» депті Нарманбет әкеміз жұлып алғандай; «Тоқтаусыз бай болып, қайыр садақаңыз жоқ болса, Қарын байдан алған ғибратыңыз болар, батыр болып, мейір шапағатыңыз жоқ болса, Ғазірейілден алған әбіретіңіз болар, молла болып тағат ғибадатыңыз жоқ болса, Әзәзілден алған үлгіңіз болар»- депті. Жауабына риза болған Абай; «Сен не айтар екен? –деп сынап едім, «Алыста сары шегірім бар деуші еді рас екен Орманбет биге сәлем айт» деп , қаражат берген екен.

Нақыл сөздерді орынды жерде қолданған тақпақтап сөйлейтін, «Тобықтының шегір көз шешен сарысы деп атанған»

Ендігі оқуын сырттай жалғастыра жүріп Абай, Лермантов, Пушкин өлеңдерін оқып, ел аузындағы ауыз әдебиетімен үлгі нақыл сөздерді үйренді.

Нарманбет көп уақыт болыс немесе кондидат болып отырған. Өз заманында ел ішінде, зорлық – зомбылыққа жол бермеген, жер дауын, кісі дауын кезінде әділ шешіп отырған. Нарманбет ақын Қарқаралы уезіндегі 22 болыстың бас қосқан ұлы топтарында үнемі төрағасы болып, алғы сөзді өзі алып отырған. Қарқаралы уездік Қырғыз комитетінің мәжілісінде Нарманбет кеңес төрағасының орынбасары болып сайланды. Ондағы қаралған мәселелердің табуына ықпал еткен. Орыс тіліне жетіктігі арқасында Омскіден, Қарқаралыдан келген ояз – ұлықтарымен еркін сөйлесіп, елмен жердің, қарапайым адамның мүддесін ашық қорғап шындықты бетке айта алған, өтірік іске кіріспеген, қойған талабын жүзеге асыра білген. Ел тірлігіне зейін қоя жүріп көрген жағымды- жағымсыз іс әрекеттер ақын жүрегін қатты тебірентіп қалың да ауыр ойға батырады. Осы кезде Нарманбеттің көңілге түйгені өлең өрнегі түсіп отырады. Ақынның творчествосының шарықтау шегі 1900 жылдан кейін уақыттан басталғанға ұқсайды. 1906 жылы Семей шаһарында өткен Мемлекеттік І Думаға депутаттыққа кондидат ұсыну жөніндегі ұлы жиынға қатысса, 1907 жылы Семей облысының қазақтарынан Мемлекеттік Думаға сайланатын осы өңірдің сайлау жиналысының Қарқаралы уезі болыстығынан сайлаушысы да болып бекітіледі. Осы жылдардан бастап қазақ ауылдарының қоныстан айрылуы жайында «Сарыарқа», «Жойқын құланжосиды», «Шал қайғысы», «Ауыл қайғысы», «Бұл күнде байлар ғаяр, билермекер» тағы басқа өлеңдерімен бірге отарлаудың жергілікті жердегі қара шоқпары-приставпен оның төңірегіндегілердің екі жүзділігін, парақорлығын әшкерелейтін «Кер заман» дейтін сатиралық поэмасы дүниеге келеді. Кейінде, олқын-толқын жылдары ұқан есебіндежазылған өлеңінде:

**Пушкин менен Лермантов**
**Біздей ақын емес пе?**
**Ақын болған адамдар**
**Жұрттың қамын жемес пе?**
**Әдебиеттен қалыспай**
**Бізде нұсқа салайық,-**

деуі Соншалық адалдығынан Нарманбетті бірадар деп атаған. «Бірадар» деген сөз екі дүниенің адалдығы ғой деп халық айтқан.

Ақынның жалғыз ұлы Мақсұт. Мақсұттан кейін бала ере қоймаған соң Нарекең Көшеннен тарайтын туыстары Ысқақтың Рабиғасын, Кәдірбектің Жағалтай атты қыздарын рым етіп бауырына салады. Мақсұттан Ахат, Байбөрі, Бөрі атты үш ер бала болған. Осылардан Ахат қана үйленген, одан Бикен атты қыз туған. Бикен Бұрынғы Партьсезд атындағы совхозда мұғалім болып қызмет атқарып жүріп 1951 жылы қайтыс болады. Мақсұттың аталған үш баласыда Ұлы Отан соғысына аттанып, оралмайды. Мақсұт көп жылдар бойы Алматы маңында тұрып, елге соғыс жылдары ғана оралған. Нарманбет атамыздың қолымен жазған өлеңдері бізге жетпеді; «Мен алпысқа келмейді екенмін» депті, сол сөзге әжеміз қатты налып «Өлеңің құрысын деп» барлық қолжазбаны пешке жағып жіберген. 1915 жылы өлең жинақтары жойылып кеткен.

1917-18 жылдары Қарқаралы қаласындағы уездік сот қызметінде болды. Осы жылдары Қарқаралыдағы Совдеп 2 ай өмір сүріп құлаған соң сол кездегі Қарқаралы әкімі Ақбайұлы Жақып, Нарманбетті Совдепке қызмет көрсетіп, сот ағасы міндетін атқарды деп оны қызметтен түсірген. Бірақ сол кездегі облыстық сот Мұқыш Бостайұлы бұл сияқты кісіні қызметтен түсіруге болмайды деп, орнына қайта тағайындатқан. 1918 жылы тамыз айында Қарқаралы Совдептің уездік сотының төрағасы болып қызмет атқарып отырған да шұғыл аурып қайтыс болыпты.

Әкеміз өзі айтқандай 58 жасында қайтыс болады. Нарманбеттің сүйегін Жақып Ақбаевтың әйгілі көк аттары, жегілген көк арбасымен еліне қарай алып өтеді. Адюданты мен жолдасы денесін Қарқаралыдан келе жатқанда бәбішесі Мәлике алдынан қарсы шығып алып кетеді. XXII Партьсездегі Саға деген қыстауына көрініп тұратын жерге жерленген. Өзі жатқан үлкен күмбезден кіріп шығатын үш отауы бар, төрт күмбезді шошақ бейіт салдырған. (Осы уақытқа дейін сол қалпында сақталып тұр). Ал келер жылы ақынның асын жалаңаштың бойында Жақыптың өзі басқарып өткізеді. Сол сияқты ақын зиратына қойылған құлпытасты Әлиханның інісі Смахан Бөкейханов қойып естелік жазады. Нарманбет әкеміздің өз туыстары ұлан асыр ас берілген. Келіні Тоты, қызы Рабиға, інісінің әйелі Қаныш, Жақыш болып төрт кісі жоқтау айтқан. Нарманбет әкемізге жасалған осындай құрмет, Мәлике әжеміздің басқаруымен өткен. Бәйбішесі ұзақ уақыт қайғы тартып, 14 жылдан соң қайтты. Өзінің қасына жерленді, екеуі бір күмбезде жатыр.

# Ақынның жалғыз ұлы Мақсұт келіні Күлімжан







- Ақынның немересінің
- үлкені Ахат





- қсұт
- қта
- ат,
- та
- 





Ақынның екінші немерсі Бәйбөрі (бірінші қатарда, ортада отырған). Сурет 1942 жылы 13 наурызда Алматыда түсірілген.




**Ақынның жерлесі Ахметтің Тұрғанбегі**

Ақынның ел аузында сақталған 4000 жолдай өлеңін 1934 жылдары жерлесі Беккісінің Ахметінің Тұрғанбегі мен баласы Мақсұт жинақтап, өмірбаяны, шығармашылық өнері жайлы зерттеу әзірлеп, кітаптық нұсқасын Қазақ КСР Ғылым академиясына тапсырған. Тұрғанбектің 1937 жылы ұсталып кетуіне байланысты бұл еңбек жарық көрмеді. Балапан басына, тұрымтай тұсына дейтін заман кезігіп, Мақсұт та тұрақтай алмай бірде Алматы, бірде Балқаш маңына сағалап, әке мұрасының жарық көруіне қозғау сала алмады.



***Қазақстан Республикасы оқу ісінің озық қызметкері, Республикалық Қ.Айтқалиев атындағы атаулы мектептің мүшесі, жоғары дәрежелі мұғалім, Нарманбеттанушы***

# Ақиқатты бұрмалап, алыпқа қаяу түсірмейік



# ҰЛЫ АҒАРТУШЫ, ОЙШЫЛ КҮРЕСКЕР



# Ақынның мұраларын сабақтастықпен бүгінгі ұрпаққа жеткізуші қариялардың бір тобы













# Қазақ әдебиетіне шыққан Нарекең жөнінде өмір деректер






# Ақын туралы шыққан кітаптар








ӘОЖ 821.512.122: 82.0 – 1 Қолжазба қ

БАБАШОВ АЗАТ МАҚСҰТБЕКҰЛЫ

Н. Орманбетұлының әдеби мұрасы

10.01.02 – қазақ әдебиеті

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми д
алу үшін дайындалған диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Қазақстан Республикасы
Астана, 2008



# “Нарманбет ақын” атты мақала



МИРАС

ХАБАРШЫ 1990 ЖЫЛДЫҢ 26 МАМЫР АЙЫНАН ШЫҒАДЫ

№6

АУДАНДЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ ХАБАРШЫСЫ

## НАРМАНБЕТ АҚЫН



## НАРМАНБЕТ АҚЫН

„МИРАС“

(Жалғасы. Басы 3-бетте).



ЕЛ АУЗЫНАН

## Ақын өсиеті

## Толғаулар

НАРМАНБЕТ

(1906 ж.)

# Ақынның 130 жылдық мерей тойына арналған





## ТҮРЛЕНТ ТІЛІҢДІ, ТҮЗЕТ МІНІҢДІ

### (Ақын Нарманбет Орманбетұлының туғанына 130 жыл)

Приозерный ауданының топырағында туған көрнекті жыр атасынын бірі — Нарманбет Орманбетұлы. Оның аты халық жүрегінде сақталғанмен заман қаһарына ұшырап, кейінгі ұрпақ үшін ұмытылып келді. Жариялылықтың арқасында Нарманбет ақынның жырлары жарыққа шыға бастады. Оған дәлел үстіміздегі жылдың «Жұлдыз» журналының 2-санындағы мақала. Азамат ақын Нарманбет Орманбетұлының туған жері қазіргі СОКП XXII съезі атындағы совхозы Ол 1860 жылы Дадан тобықтының әулетті феодалының семьясынан шыққан, өсе келе болыс болған. Әрине, бұл жағдайлар оны «бай баласы» деп айыптауға негіз болғаны сөзсіз. Орманбет бай баласын 13 жасында Қарқаралыдағы орыс мектебіне оқуға береді, бірақ Нарманбет бір-ақ жыл оқып, кейін өз зеректігімен білім алады.

Нарманбеттің сөзге шебер ұғымталдылығы, бойына біткен таланты көптің көңілін аударады. Өз білімін ел басқаруға арнауды жөн көрген жас ақын осы маңда болыс болады. Халықтың жайын ерте түсінеді.

Артына өлмес жыр қалдырған жерлесіміздің жүрегінде ұлт намысы, қарапайым жұртқа деген адал ықыласы, әділетті бағасы болғаны сезіледі. «Қазақ халқының бейқамдығын, момындығын, дархандығын кеңпейілділігін, бауырмалдығын бөгде ел пайдаланып кетеді-ау» —деген сезім Нарманбет сынды ойлы ақынның жанына батады. Болашақты сақтаудың жолы еңбек пен білім деп, халықты ұйқыдан оянуға шақырады.

**Сахараға қарасақ,**
**Жайылған қойдай халайық.**
**Бейғамына қарасақ,**
**Қасқыр жеуге ылайық.**
**Көңіл сезді көз көріп,**
**Айтпай қалай шыдайық!** — деп туған елінің болмысын жан дүниесімен тебірене жаны аши жырлайды.

Арқаның беделді болыстарының бірі болған Нарманбет ақын әділетті жақтап, елге жаққан. Көп ізденіп ақындық өнерін шыңдай білген. Абайдан алған үлгісі 1915 жылы жазған мына жыр жолдарынан анық көрінеді!:

#### ● ӘДЕБИ МҰРА

**Толғауы тоқсан қызыл тіл,**
**Өнерің болса, сөйлеп бақ.**
**Есебін тауып сөйлесең,**
**Күйлемекші көмей жақ.**

Ақынның ұлағатты сөздері бүгін де мән-мағынасын түсірмейді.

**«...Қалған өмір тым қысқа,**
**Артыңа қалдыр бір нұсқа.**
**Босқа жүрмей дарылдап.**
**Бас, аяңда, қарғыма!**
**Қайратыңа зар қылма!**
**Қарап туған халқыңды**
**Түрлент тіліңді!**
**Түзет мініңді!**
**Көңіліңді кір қылма!**
**Талай шалдар мүлгіді,**
**Талап ет, қалдыр үлгіні!**
**Алтын туған басыңды,**
**Бақырашпен тар қылма!»** — дейді!

Нарманбеттің творчествосын зерттеуді мен 70-ші жылдары бастадым. Облыстық музейдің тапсырмасымен Шет ауданының тарихын зерттеу экспедициясында жүргенімде «Шет» совхозында тұратын Қасым Сырымбетов деген ақсақал жырау деген соң іздеп бардым. Әңгіме үстінде: «Сен тарихшы болсаң, мына сөздерді айтқан кім? — деп, маған сынай қарап, баппен сөйлей жөнелді.

**...Адамға абырой мен бірлік керек,**
**Ұят, нысап, намыс пен тірлік керек.**
**Ғылым, білім, ілгері басуға ойла,**
**Еңбек қып еріңбестен болып зерек.**
**Болмайды тағдыр ісін қалай деуге,**
**Ақ соқпақ адастырмас талай жерге.**
**Жақсылар, істі түзет, жұртты күзет!**
**Біріңді-бірің шауып тастай берме,**

Бұрын-соңды ешкімнен естіп, еш кітаптан оқымаған өлең жолдарын қанша ойлансам да таппасымды білген жырау мені ұялтпайын деді ме: «Бұл сенің әкеңнің айтқаны. Тобықтының қызысың ғой. Нарманбетті білмегенің сенің кінәң емес, қазақтың тарихында, әдебиетінде жоқ, жабылып қалған сөздер. Менің есімде талай жырлар бар, жазып ал. Күндердің күнінде Нарманбет жарыққа шыға күнінде Нарманбет жарыққа шығады» — деп бірнеше өлеңін айтып берді. Қарт жыраудың жадында сақталған сөздер, Нарманбет ақынның кезінде көпке қадірлі болғанын айқындайды.

Биыл Нарманбет ақынның туғанына 130 жыл. Туған елінде бұл жағдай аталған да жоқ. Естіген деректер бойынша Нарманбет 1918 жылдары Қарқаралыда сот болған, сонда қаза тапқан. Оның сүйегін Қарқаралыдан түнделетіп, шыжған тамызда былғарыға орап, Қарасуға жеткізгенде, аттың тұяғы ойылып түсе қалған екен. Әрине, суыт жүргеннен болған жайға мән бермесек те, Нарманбет ақынды халық сыйлап бағалағанына тағы бір куә екені даусыз.

Нарманбеттің жылдығына берілген ас—Қазақстанда өткен соңғы ірі ас. Ат шаптырып, ас беру — еске алу, ақын рухы алдында бас иіп лайықты сый көрсету. Бұдан 71 жыл бұрын Арқа ақынын еске алу өз дәрежесінде осылай өткен екен.

Балқаш өңірінде, Ақтоғай ауданында ақынның ұрпақтары бар.

Оқушылар қауымына Нарманбеттің бірер өлеңдерін ұсына отырып, оны көзі көрген қарттарға, туған-туыстарына, оның өлең-жырларын білетін азаматтарға қолқамыз: «Қазақ тілі» қоғамына хабар беріп, ақынның шығармаларын жинақтауға, өмір жолын анықтауға атсалысыңыздар.

**К. САРДАРБЕКОВА,**
«Қазақ тілі» қоғамының жауапты хатшысы.

# Жұлдызды жыр



4 ЖЕЗҚАЗҒАН Т

Нарманбет Орманбетовтің туғанына — 130 жыл

ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЫР

Амангелді ТҰҒАНБАЕВ.

# Нарманбет поэзиясы, лирикасы



## НАРМАНБЕТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӨРНЕКТЕР

Өз заманында белгілі қоғам қайраткері болып, ақындығымен елді аузына қаратқан, әділ де шешен, алғыр да көсем атанған ойшыл — ағартушы Нарманбет бала кезінен бастап ел аузындағы шешендік нақылдар мен өлең-жырларға көп ден қояды. Естігендерін ұғып алатын зерек болып өседі. 20-ға іліккен кезінде-ақ сол ортада болып жатқан дау-шардың дұрыс-бұрыстығына елдің көзін анық жеткізу үшін нақыл сөздерді орынды қолданып сөйлейтін «Тобықтының шегір көз шешен сарысы» атанады. Ойына алғанын көркем тілмен поэзия жүйесіне түсіріп айтып та, жазып та бере алатын дәрежеге жетеді.

Осы мезгілде ол Абаймен кездеседі, оның ақындығына мүлтіксіз ден қояды. Абай өлеңдерінің үлгісінде, соған ұқсатып өзі де өлең-жыр жазады. Абайдан ақындықтың қолға түсе бермейтін көп қырлы, терең сырлы құпияларын үйренеді, сөз өрнегін қолдану тәсілдерін меңгереді. шәкірті болады. Үйрене түсу үшін өзімен сөз жарыстырады. Оны Абай шығармаларындағы «Ақындар мен сөз жарыстыру» деп аталатын тарауынан аңғаруға болады. Нарманбеттің:

«...Нәпсі-жел, көңіл-өзен толқын ұрған,
Ми-патша, ақыл-дария кеңес құрған.
Тауфықсыз ақыл мақұл болмайды екен,
Білмесең құр суретің бекер тұрған» — деп басталатын бір шумақ өлеңіне Абай былайша түзету енгізіпті:
«Сөз-самал, өлең-дария толқын ұрған,
Ми-патша, ақыл-уәзір, кеңес құрған.
Ғылымсыз ақыл мақұл болмайды екен,
Болмаса құр суретің бекер тұрған.»
Сондай-ақ Абайдың:
«Кемді күн, қызық дәурен, бозбалалық,
Қартаймастай көрмелік, ойланалық.
Жастықта бір күлгенің—бір қаралық,
Күлкі баққан бір көрер бейшаралық» — деген өлеңін Нарманбет өзінше жырлап:
«Кемді күн, қызық дәурен, бозбалалық,
Бозбалаға талап көп қозғаларлық.
Басында тағлым алсаң жақсыдан ал,
Әр сөзден тиер пайда бір қаралық» — деп өмірге деген түсінігін өзінше білдіреді.

Осы келтірілген екі мысал сөз жоқ «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез», — деп ұлы ақынның өзі айтқандай, Нарманбеттің оған қатты еліктегенін, соның жолын қуып, ізбасары болып өтуге талпынғанын танытады. Нарманбет Абайдың үлкен сыншыл — реалистік мектебінен тәрбие ала отырып, оның үлгісімен «Жаратқан бір не бар», «Ақынеліне», «Шал қайғысы», «Ауыл қайғысы», «Толғаулы тоқсан қызыл тіл» деген өлеңдерімен бірге «Кер заман» атты поэмасын жазады. Абай өлеңдерінде қолданылатын сөздер, соған жақын сөз тіркестері Нарманбет өлеңдерінде де көптеп кездеседі. Рухтарының үндесіп, шығармаларының тақырыптас жақын келулері Абай мен Нарманбет басындағы жеке жайлардың ұқсас болғанын, олардың замана тауқыметінің тәлкегін бірдей арқалап өткен адамдар екенін танытады.

«Өзімді алма, сөзімді ал» — деген Абай,
Алмаса да сөз жазды-ау талай-талай.
Ағаты болса ғафуын өтінемін,
«Сен соның інісі едің, деме, пәле-ай»

— деп Нарманбеттің өзі Абайдан үлгі алғандығын, оның шәкірті болғанын ашық айтады.

Нарманбет Абай өлеңдеріндегі өрнек түрлерінен үлгі алғанмен оның көлеңкесіне айналмайды. Одан үйрене отырып, өзінше ізденіс жасайды, өлеңнің жаңа түр-өрнектерін табады. Мысалға ақынның мына өлеңін алайық:

...отырады. Ақын өлеңдерінің қайсы бірі төрт тармақты шумақ болып келсе, кей уақытта ол өлең шумағы ой ағымына қарай 6, 7, 8, 9, 10, 11 тармақты аралас буынды өлең болып құрылады. Ой ағымына сай өлеңнің өлшемі мен ұйқасын түрлендіріп, оған жаңа ырғақ береді. Абайдың «Болыс болдым, мінекиімнің» тәсілімен жазыл-

деген өлеңіне ұқсап басталды да, соңғы жағындағы шумақтары алты тармақты болып қайталанып отырады. Әр шумақтың соңғы 3, 6-жолдары бір ұйқасты болып келеді.

«...Ағайын аңғырт
Аңдып сырт,
Кетті-ау көңіл тына
алмай.
Қайтады-ау мал,
Қажыды-ау шал.
Бір қалыпта тұра
алмай...»

Ал «Толғаулы тоқсан қызыл тілінде» бұған керісінше, өлеңнің алғашқы 16 жолы жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен келіп, соңы Абай өлеңдерінің үлгісіне ауысады. Қазақ өлең үлгісінде бұрыннан бар қара өлең түрін қайта қарау арқылы Нарманбет «Шал қайғысында» мынандай шумақ түрлерін тудырады:

«...Құралай алған құс та
жоқ,
Бәйге атында нұсқа жоқ,
Жүр табандап, желмек
жоқ,
Тазы тұр түлкі ала алмай
Тірсегі тік, сербегі жоқ»

Қара өлең ұйқасында шумақ төрт тармақтан құрылып, 1, 2, 4-жолдар ұйқасып келсе, мына шумақтардың одан өзгешелігі 1, 2, 3, 5 тармақтары ұйқасып, қара өлеңдегідей емес, 1 тармақ қосылып 5 тармақтан құралған. Және басқа тармақтарға ұйқасы жоқ 3-тармақ ауыстырылып төртінші жолға түсірілген.

Осы жоғарыдағы келтірілген мысалдардан біз Нарманбет ақынның өлеңнің жаңа түрін іздеп табу жолында көп ізденіс жасап, Абайдың тапқан өлең түрлерін толық меңгеріп, өзі де жаңа өлең формаларын жасай білгендігін көреміз. Ол өлеңнің осындай құпия сырын, жасалу жолын жете игеру арқылы өз шығармаларында (7, 8 буынды жыр мен 11буынды қара өлеңнен басқа) жыр ағысының 10-нан аса жаңа түрін қолданған.

«...Ілкімді құс,
Икемді ат,
Сүйікті жігіт,
Сүйкімді қыз
Кімге жат?
Қызметкер іні,
Қылықты женге—

мәтелдерді орнына келтіріп, қиюластырып қолданудың үлкен шебері болған. Қолма-қол суырып салып тақпақтай жөнелетін, жазып та айтатын Нарманбеттің тапқыр шешендігі, ақындық құдіреті жөнінде ел арасында әртүрлі қызық әңгімелер бар.

Ақын мақал-мәтелдерді, тақпақ сөздерді өзінің өлеңдерінде еркін қолданған. Олар ақын лабораториясынан өткенде бұрынғысынан да түрленіп, бейнелене түсіп, аса бай поэзиялық үлгіге айналады. Халық арасына кең тараған.

«...Ойнайды бала,
Ойнақтар тайлақ.
Жүре ме, жүрмес
Шошқаны айдап.
Құланда жауыр,
Құлда бауыр
Бола ма?
Болмас.
Мәнзүр айлап.
* * *
Қарға орнына
Қаз жүре ме?
Көпке бәһар
Бере ме?
Бере алмас.
Көкек сайрап.
* * *
Ғауһар тастар
Кір бола ма.
Су моншақтар
Дүр бола ма.
Ғазиз бастар
Қор бола ма.
Әуелде абзал туса
Тәңірім сайлап?» —деген туындысында «Шошқа жеңге жүрмейді», «Құланда жауыр, құлда бауыр болмас», «Қарға орнына қаз жүрмес?», «Қас дұшпанға наз жүрмес», «Гауһар-тастар кір болмайды», «Су моншақтар дүр болмайды» секілді мақалдардан тамаша өлең өрнегін жасаған. Нарманбет халық мақалдарынан тамаша өлең жасаумен қатар көп уақыттарда өзінің шығарған өлеңдері де мақалға айналып, ел арасына тарап кететін болған.

Нарманбет өлеңдерінің ішінде мақал-мәтелдерді қолданумен қатар тапқыр шешендік сөздер де көптеп кездеседі. Мұндай өлеңдердің көпшілігі бейнелі, афоризмді болып келеді.

«Қызыл алтай сар балақ
Сандал тауда түлкі жоқ.
Қызыл шырай кер қабақ
Қыз балада күлкі жоқ.
Қызыл борбай қу табақ
Саятсыз байдың мүлкі
жоқ»

— деген өлең шумақтары Нарманбеттің ақындығын танытады. Профессор Ысмайловтың: «Нарманбет тілге бай, сөзге еркін ақындардың бірі. Оның әрбір өзіндік толғауы, сипаттаулары, қазақтың маржандай төгіліп отыратын сұлу, өткір сөзіне бөленіп келеді», — деген пікірі осыған айғақ.

Жалпы алғанда, Нарман-



Нарманбет творчествосы —көп қырлы, терең сырлылығымен құнды. Оның творчествосы жайлы тұңғыш рет пікір білдіріп, ғылыми ой қорытқан профессор Е. Ысмайлов: «Нарманбеттің махаббат, жастық сезімге арналған лирикалары - творчествосының әлсіз жақтары»—дейді. Осыған орай поэзиясына арқау болған тақырыптар ішінен осы махаббат, жастық сезімдерге арналған лирикаларын жеке алып сөз еткен орынды.

## НАРМАНБЕТ ЛИРИКАСЫ

Олардың біздің қолымызға түскені «Бір-екі хат», Көкала үйрек», «Ғазал», «Ғашық тұрлауы», «Дарқан қызға», «Мен көрдім Қарқаралда бір шарифзат», «Шал мазағы», «Екі ғашық-қысқа таң», «Балдызға» (әні бар). «Күмісайға» атты өлеңдері ғана.

Аталған өлең үлгілерінің көпшілігі арнау хат түрінде жазылған. Олардың ішінде эпиграмма түріндегі сықақ, әзіл-оспақтар да кездеседі. Көбінесе емеурінге толы жұмбақты сырларын ақын нәзіктік пен сыршыл сезімдерге бөлеп береді. Көңіл-күй тебіренісін жастық іңкәрлікке орай, сезім әуеніне берiлiп, әлеуметтік істерден оқшаулау алып сөз етеді.

Қолымыздағы деректерге жүгінсек ақын әйелдің, бас бостандығы жөніндегі ойын тарамдап баяндамаған. Ақын мұраларының толық нұсқасы сақталмағандықтан, осы мәселенің әлеуметтік мәнін ашып, озат ой-пікірлер дәрежесіне көтеріп қоя алмаған деп пікір айту ағаттық.

Махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінің көбі таза, сұлулықты, көркемдікті дәріптейтін халық ұғымындағы шығыс сарыны. Оны ақынның «Біріншi хат» деген өлеңінен байқауға болады.

«...Алтын бас қалқам,
ақмаңдай,
Гауһарлы жүзің
жауһардай.
Оймақ ауыз, жез таңдай,
Таразы бойың,
Тапсырмас ойың
Дал қандай».

Бұған қарап махаббат жырларының көбі осындай сыртқы сұлулықты жырлауға ғана арналған екен деп қорытынды шығаруға болмайды. Оның ғашықтық туралы жазған өлеңдерінде ішкі жан дүниені баурап алатын шынайы сүйіспеншіліктен туған асқақ сезімдер тарап, айрықша көрініп, адамды еріксіз тартып алатын ой түйіндеулері көптеп кездеседі Ақынның «Ғашық тұрлауы» атты өлеңі»

Е. Ысмаиловтың «Махаббат мәселесінде Нарманбет өз пікірін тура ашып айтпаған, көбінесе әйелді махаббат, сұлулық жағынан ардақтайды да, үй тұрмысы, семьялық жағынан жақсы—жаман қатын деген атты, оның үй шаруашылығына қаншалықты ұқыптылығына қарап береді» деген пікірін қостай бермейтін дәлел ету болғандай.

Өйткені Нарманбет әйелді үй тұрмысындағы жақсы-жамандығына қарай бағалап, оның бойындағы жан сұлулығын, еркіндігін көрмей кеткен ақын емес. Ол оны көре, сезе отырып, әйел еркіндігіне өз басы ерік бере қараған. Оны жоғарыда келтірген «Ғашық тұрлауы» деген өлеңінен жақсы аңғарамыз. Бұл өлеңінде ақын шын сүйісіп қосылысқан жардың ыстық құшақ-махаббатына екі дүниеде жетерлік еш қызықтың жоқтығын көрсетіп, сүйіспеншілікті аса жоғары бағалайды. Осы тұста діндәр ақын ғажайып ақызға айналған о дүниенің рахаты есебінде саналатын жұмақтың бірі емес, сегізін бірдей ғашықтық жолына құрбандыққа шалып, тәрік етеді. Мұның өзі жастық жалынның отты кезенін аңғартып, ынтызарлықтың сырын ұқтырғандай.

Сол ортада әйелді малға сату, оны сүйсін-сүймесін кім көрінгенге беру салтқа айналған кезеңде Нарманбеттің әйел бойындағы адамдық қасиетті бағалауы, оны өзімен тең тұтып «сүйген жар» деп тануы сүйсінерлік көрініс. Ақын осы тақырыпта жазған Абай шығармаларынан үлгі алады.

Ақынның «Екі ғашық-қысқа таң» деген өлеңінде түнгі табиғат көрінісі, ауыл бейнесі, ондағы адамдардың іс-әрекеті, екі ғашықтың бірін-бірі сағынa ұмтылысқан ыстық сезімдері көрініс беріп шеберлікпен айтылады.

«...Ай да батты,
Ел де жатты.
Дүние жым-жырт,
тып-тыныш.
Қыбырласып,
Сыбырласып,
Күзетшілер жүр пыш-пыш.
Екі ғашық,
Араласып
Керіспеген талайдан.
Ауыл да аңдып,
Басын дан ғып
Жолатпайтын маңайдан.
Кездесуге,
Шерлесуге
Ғашықтарға бір бөгет.
Жүрек тынбай.
Бір-бір жылдай
Өткен сайын әр минут
Қарқ-қарқ күліп,
Тарс-тарс жүріп,
Күзетшілер тарасты.
Ғашықтар күліп
Қарыс қадам жол ашты»

— деп шебер суретшінің қолынан шыққан жанды көріністей болып елес беретін осы баяндауда бірінбірі сүйген екі жастың қосылуына бөгет болған жайлар анық байқалады. Ол қандай бөгет? Бұл сұрақтың түйінін ақын ол мұнау еді деп баяндау түрінде айтпай, жұмбақ күйінде қалдырады. Оқиға желісіне ілесе отырып, ол жайды сіз өзіңіз аңғаруға тиіссіз. Ескілік шырмауында қалған қыз әкесі ме, жоқ, әлде, ағасы ма, ол жері белгісіз, әйтеуір қызды сүйген жігітіне жолықтыруды құптамайтын бөгеттер көп. Оның бірін үйде тұтқындап, екіншісін ауыл маңына жолатпайтын күшті күзет ұйымдастырылған. Осыны көре отырып, сіз екеуінің қосылуына бөгет боларлық негізгі себепті іздейсіз. Бірақ оны бұл көріністен табу қиын. Мүмкін сол кездегі талай қыздың өмірін өксітіп, сүйген жігітіне қосылуына бөгет болған жастардың еркіндігін аяққа басқан, қарғыс атқан қалыңмал шығар. Бұл өлеңнен жастардың сүйгеніне қосылуына тілектестігін білдірген ақын жаңашырлығын тануға, түсінуге болады.

Ғасырлар бойғы халық үлгісіндегі сенім-нанымға сай тәрбие алған, өскен ортасының мешеулігі етектен тартып, ілгері басқан аяғын кері кетірген ақынға бүгінгі ұлттық сананың өз ерекшелігіне сай баға берер болсақ. Нарекеңе қалың малға қарсы шықпадың деу — бірден таптық күреске қолына қару алып елді неге бастап кетпедің дегенмен пара-пар болар еді.

Пенде—өз ортасының сенімінің құлы. Бағзы дүние-әлімсақтан бері келе жатқан, рулық қатынас арқылы дамып, елдігін сақтаған ата-баба дәстүрінен аттап өту қиынның қиыны. Сондықтан Нарекең творчествосындағы әлсіз делініп бағаланған осы тұстарына ұлттық салт-дәстүр, сенім тұрғысынан қарағанымыз абзал.

Аманкелді ТҰҒАНБАЕВ,
Нарманбеттанушы.

# Арқаннның ақиық ақыны

## Арқаның ақиық ақыны

Өз заманында атақты сөз зергері атанған Нарманбет Орманбетов 1860 жылы қыркүйек айында қазіргі Жезқазған (бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Балқаш болысы) Приозер ауданы XXII партсъезд атындағы совхоздың № 1 бөлімшесіне қарасты Тоқырауын өзенінің Балқаш көліне құяр ағысының бір тарауы Саға деген жерде дүниеге келген. Руы Тобықты, оның ішінде Дадан, Қалдау, Балтабай болып таралады.

Нарманбет жеті атасының қолынан билік кетпеген, байлығымен емес, шешендігімен, әділ билігімен аузына ел қаратқан тұқымнан тарайды. Ақынның төртінші атасы Деріпсалы қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезінде халықты сыртқы жаудан қорғауда ерлік көрсеткен, батыр атанған адам. Өз әкесі Орманбет те шешен, өжеттігімен ел басқарған адам. Нағашысы Қаракесектің Керней, Балта, Түйте деген руларынан шыққан Бәкі ақын.

Шешесі Балбырауын да жасында ауыл арасындағы жігіттермен қалжыңдасқанда, әзіл-оспақты өлеңмен қолма-қол суырып айтатын ақын қыз атаныпты. Балбырауынның немере інісі Қамзабек те өз ортасына ақындығымен танылған адам көрінеді.

Нарманбет кейінде өзінің нағашы жұрты Жуасбай ақынмен айтысқанда:

**...Мен өзім қайдан**
**шықтым, даудан шықтым,**
**Нағашым — Балта-Түйте —**
**«Екі темір»,**
**Қажымас қара болат**
**жаудан шықтым, —**

деп жұрты мен нағашы жұртының шешен, ақын, текті адамдар болғанын мақтан қылады.

Нарманбет Орманбеттен туған тоғыз баланың ұлдан үлкені болғандықтан, ең жақсы көретін баласы болыпты. Бала күнгі мінез-құлқы туралы деректеріміз шамалы. Жалғыз-ақ кісі үйіне бармайтын, салмақты сабырлы бала болып өсіпті дейді. Бұл жөнінде қариялардың есінде қалғандары кіші шешесінің үйіне қонақ келгенде, өз шешесі сонда барып жат дегенде, «Кісі үйіне барып, есік жақта отырғанша, өз үйімнің төр алдында отырғаным жақсы емес пе?» — деп айтыпты он жасқа толмаған Нарманбет.

Әкесі Нарманбетті өз ауылында тұратын Түркиядан келген Қари молла деген адамға 8 жасынан бастап оқуға береді. Нарманбет Қариден бір жарым жылдай оқыған соң, сол кезде ел аралап бала оқытып жүрген татар Шаяхметұлы Қасен деген молладан да сабақ алады. Арнаулы медресеге түсіп оқымаса да, екі молланың алдын көріп, мұсылманша жақсы сауат ашып шығады.

Нарманбет бала күнінен бастап шешендік нақыл сөздерге, өлең-жырларға ден қойып, ел аузынан естігендерін жаттап, ұғып алатын зерек бала болып өседі. Шешендік сөз сұраудан кімнен болса да, жалықпай, іздеп барып, үйреніп жүрген. Ауылдарымен жапсарлас Тілеубай деген кедей адамнан сөз сұрағанын жақтырмаған әкесіне: «Әй, аґке-ай! Мен одан: «Кісі есігі тон темір, еріететін ер керек. Томырыққан ер оңбайды, тоңда жатқан мал оңбайды» деген екі сөз үйрендім», — депті.

Ел аузындағы шешендік, өлең сөздерге ден қоя жүріп, 12-13 жасынан бастап, өлең шығарумен әуестенеді. Өзімен шамалас ауыл балаларына, өз апаларына және нағашыларына арнап қағытпа өлеңдер шығара бастайды.

Әкесі Нарманбетті 14 жасқа толғанда Қарқаралы қаласындағы екі кластық орыс мектебіне тапсырады.

Жастайынан өлең-сөзге құмарта ден қойған Нарманбет Абайдың ақындығын естіп, оның өлеңдерін сырттай жаттап, өзін кездестіруге құмар болады. Сол кезде Қарқаралыға Абайдың келгенін естіп, тілдесіп, сөз үйренуді ниет қылып, оның жатқан үйіне іздеп келіп, сәлем береді. Танысудың есебін таппаған Нарманбет «Тобықты Орманбеттің баласы едім, сізге сәлем берейін деп келдім. Шаһатым таусылып қалып еді», — дейді жорта. Сонда Абай: «Баймын — қайыр сақауатым жоқ, батырмын — мейіршапағатым жоқ, молламын — тағат, ғибадатым жоқ», — депті. Нарманбет жұлып алғандай: «Бар болып, қайыр — сақауатыңыз жоқ болса, Қарын ағаңыздан алған ғибратыңыз болар. Батыр болып, мейіршапағатыңыз жоқ болса, Ғазрейілден алған һабретіңіз болар, молла болып, тағат-ғибадатыңыз жоқ болса, Әзрейілден алған үлгіңіз болар», — депті. Содан Абай Нарманбеттің тапқырлығына сүйсініп, қасына отырғызыпты.

Кейінде Нарманбет Абайдан көп үйреніп, оның реалистік мектебінен тәлім алған шәкірті болған. Ол туралы өзі де:

**«Өзімді алма, сөзімді ал»**
**деген Абай**
**Алмаса да сөз жазды-ау**
**талай-талай.**
**Ағаты болса ғапуын**
**өтінемін**
**Сен соның інісі едің, —**
**деме пәле-ай**

деген өлеңі айғақ.

Нарманбет Қарқаралыда алты ай оқып, орысша хат тану дәрежесіне жеткен соң, оны әкесі әрі қарай оқытпай, қыс ішінде ауылына алып қайтады. Өйткені, сол кезде Орманбеттің ел ішіндегі бақталастары көбейіп, ағайын арасы партиягершілікке салына бастайды. Атадан балаға мұра болып келе жатқан ел билігін қолынан шығармаудың қамын ойлап, Нарманбетті атқа отырғызады, өзіне көмекші етіп, ел басқару ісіне тәрбиелейді. Нарманбет кейін әкесіне көмекші бола жүріп, бір жолы Қарқаралыға барғанда, тілмәш Петров деген орысты жалдап, 4 айдай тіл үйренеді. Ақынмен ауылдас, одан көп өлең үйренген Дәуренбек, Мұхаметжан және Жемшікбай қариялар ертеректе Нарманбеттің орыс мектебінде көп оқымаса да, орыс тілінде еркін сөйлеп, жақсы жаза алатындығын айтады. Ол орыстың ақын-жазушыларының шығармаларымен қатар сол кездегі орысша шығатын газет-журналдармен жақсы таныс болып, оларды алдырып оқып жүріпті.

Нарманбеттің орыстың классикалық әдебиетінен рухани нәр алып, Пушкин мен Лермонтовтың шығармаларын да оқығандығын ақынның «Ақындарым, қайдасың?» деген өлеңінде ол:



**Пушкин мен Лермонтов,**
**Біздей ақын емес пе?**
**Ақын болған адамдар**
**Жұртының қамын**
**жемес пе?**
**Әдебиеттен қалыспай**
**Біз де құсқа салайық...**

деп тереңнен тартып тебірене толғанады.

Мұсылманша сауат ашқан ақын шығыс әдебиетінің үлгілерін іздеп, оқып, айтып жүреді.

Нарманбет жиырма жастан асқан соң ақын, алғырлығымен халық аузына ілігеді. Кейін ел билігіне шын араласып, әкесімен ел арасына дәнекер болады. Әкесінің кейбір қаттылық мінездеріне наразылық білдіре бастайды.

Асанқойбас деген таулы өлке Тобықты руының бір бұтағынан тарайтын Сәді дегеннің жері екен. Сәдінің жеріне қызыққан Орманбет оны Балқаш көлінің маңына көшіріп, қонысты Дересін деген жерден алып береді. Бір күні әбден тасынған Орманбет өз балалары Нарманбет, Алдаберлі, Тілеуберліні ертіп, Асанқойбастың басына шығып: «Мен алған жерді көрмейсіңдер ме? О шеті мен бұл шеті атшаптырым жер», — депті. Сонда Нарманбет: «Аґке, жер табылар-ау, ел табылмас. Сәдіге қиянат жасадыңыз ғой», — деген екен.

Ел тірлігіне зейін қоя жүріп көрген жағымды-жағымсыз іс-әрекеттер ақын жүрегін қатты тебірентіп, қалың да ауыр ойға батырады. Осы кезде Нарманбеттің көңілге түйгені өлен өрнегіне түсіп отырады.

Ақынның творчествосының нағыз шарықтау шегі 1900 жылдан кейінгі уақытта басталғанға ұқсайды. 1900 жылдан кейін жазды деген өлеңдері бұрынғыларға қарағанда идеялық-көркемдік жағынан да, тақырыбының кеңдігімен де құнды да мәнді. Өйткені ол 1900 жылдан бастап ақынның сол ортада болып жатқан шытырманы мол оқиғаларды бастан кешіріп, әртүрлі қиыншылықтарға тап болуынан болса керек. Нарманбеттің 1900 жылы Қасым, Мұса дейтін әнші-сері екі інісі, бір жылдан соң әкесі Орманбет өледі. Сол жылы ағайын арасының араздығы күшейіп, ел ішінде дау-тартыс молаяды және қыста жұтқа ұшырайды.

Сол кезде «Ала болса, ағайын», «Қыс», халықты оқу-білімге үндеген «Білім туралы», мұсылмандық оқудың ұғымына қиын екендігін келеке еткен «Ескі оқу туралы», тағы басқа өлеңдер жазады.

XX ғасырдың бас кезіндегі Россия мен Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік мәселелер ақын творчествосының негізгі тақырыбына айналады. Ол 1905-1907 жылдардағы революцияға байланысты ояну сарынымен «Сарыарқаға қарасақ», «Қазақ елі біз тұрмыз», «Жақыпқа», «Мектеп бастығына», 1905 жылы мен 1910 жылдардың арасында қазақ ауылдарының қоныстардан айырылуы туралы «Аждаһанның аузында», «Сарыарқа», «Жойқын құлан жосиды», «Шал қайғысы», «Ауыл қайғысы» деген өлеңдер шығарса, 1910 жылдардан кейінгі болыс-билердің, приставтың парақорлығын шенеген «Керзаман» атты сатиралық поэма мен «Бұл күнде байлар ғаяр, билер мекер» деген өлең жазады.

1916 жылғы оқиғаға байланысты «Сарыарқа — сайран жерім-ай» деген өлеңін жазады. 1917 жылы «Еркіндік таңы атқан күн», «Дауысың қалай ашылды» деп тебіреніп, жаңа заманды жалаулы жырмен қарсы алады ақын. Осы кезенде ол Қарқаралыда соттың төрағасы болып қызмет істейді. 1918 жылғы 2 ақпанда Қарқаралыда Совдеп құлаған соң, ақын Тоқырауын бойындағы өз ауылына оралады. Бұдан кейінгі ақын өмірінің соңғы сәттері ел арасында өтеді. Оның бейіті СОКП XXII съезі атындағы өзі шыр етіп дүниеге келген Саға деген жерде тұр. Кейін ақынның ұрпақтары оның басына:

**Өткір едің —**
**Өттің білінбей.**
**Жүйрік едің, кеттің**
**Құрған торға ілінбей.**
**Қараңғыда жол тапқан,**
**Қапияда сөз тапқан,**
**Адал едің данышпан! —**

деп өлең жазып, құлыптас қойған.

Нарекеңнің творчествосына зерттеу жасап, зер сала қарасақ, оның өз тұсында Абаймен үзеңгілес ақын болғанын айқын танимыз. Әттең, көп жылдар бойы осындай тамаша таланттың творчествосын елемей келдік.

Аманкелді ТУҒАНБАЕВ.

# “Сөз өнерінің кеншісі” атты мақала



● Жақсының аты өлмейді

## Сөз өнерінің кеніші

Алты Алашқа ортақ Нарманбет Орманбетұлының толық шығармалар жинағы 1998 жылы Қарағанды маңызды білім беретін «Болашақ» институтының «Болашақ – Баспасынан» жарық көрген еді. Кейін 2004 жылы осы жинақ Алматыдағы «Алаш» баспасында «Алаш мұрасы» сериясымен басылып шықты. Бұл Қазақстан Республикасы Ақпарат, Білім және ғылым министрліктерінің «Ғылым қоры» гранты бойынша орындалды. Қосымша алғысөз жазып, тұсаукесер жасаған «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының жетекшісі, филология ғылымының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай, пікір білдірген ҰҒА-ның академиктері Серік Қирабаев пен Рымғали Нұрғали болатын.

Кезінде ұлы ақынның атын атап, артында қалған өлмес мұра – өлеңдерін сөз еткендердің біразы қуғын-сүргінге ұшырап, құрбан болғандары да шындық. Ақын 1989 жылы ақталды. Бұл кезде ақынды көзі көріп, терең толғамды философиялық тебіреністерге құрған өлеңдерімен сусындап өскен екінші буын өкілдерінің көбі өмірден өтіп кеткен де болатын.

Сөйтсе де:
Елдің миы, жүрегі –
Асыл сөздің сандығы.
Елден нені іздесең,
Табылады барлығы.
Жақсы қылған жақсыны,
Өзінің шыққан елі ғой.
Талай асыл шығарған,
Ел – адамның кені ғой,– деп ақынның өзі келтіргендей, замана ауыртпалығы – неше түрлі қысым-қудалау, зобалаңдарға кезіксе де ұлы ақынның мұраларын жоғалтпай, асылдың сынығындай сақтап, саф күйінде біздерге жеткізіп, аманаттап кеткен көптеген қариялар болды. Солардың рухтарына тағзым ете отырып, бірегейі саналатын Мұхаметжан Аймағанбетұлы қарияның есімін еске алып, еңбектерін атап өтуді борышым деп санадым.

Мұхаметжан Аймағанбетұлы (Дадан тобықтыларының Шомақ атасының Өтес тармағынан) 1888 жылы қазіргі Ақтоғай ауданындағы Нарманбет ауылында туған. Әкесі Аймағанбет пен Нарманбет ақынның қотаны қоралас болып, жаз жайлауда, қыс қыстауда қатар көше-қона жүріп қоныстас болыпты. Мұхаметжан Нарманбеттің жалғыз ұлы Мақсұтпен бірге молда алдын көріп, екеуі де тез сауаттанады. Мақсұт әке ұйғарымымен оқуын орысша жалғастыру үшін Қарқаралыға кетеді. Ұлы ақын тәрбиесінен тағылым алған екі бала сөз өнеріне ерекше ынта қояды. Құйма құлақтығымен ертерек көзге ілінеді. Рухани ішкі сезімдері жетіліп, сонау әрідегі ақын-жыраулардан қалған жауһар жырларды, көне тапқырлық тұжырымдар мен өмір ағысын сабақтаудан туған философиялық мазмұнға құрылған терең де мәнді, тек қазақ халқына тән сөз өнерін қадірлеуді мұрат тұтып өседі.

Сауаттылығы, зеректігі Мұқаңды ерте есейтеді. Кеңес өкіметі орнаған бастапқы жылдары ауылдық Кеңес хатшысы, кейін сала төрағасы, егіс бригадирі, ұста, т.б. жұмыстар атқара жүріп үш рет ұсталып, қуғын-сүргінге ұрынады. Көп жылдарын айдауда өткізеді. Қайда жүрсе де бар жан әлемі сөз құдіретін танып түсінуге, оның тереңіне бойлап, тарихи-рухани мұраларды насихаттау жолына арналады. Сөз өнеріне деген құштарлығы құранды жатқа соғатын «қарилар» сияқты болып қалыптасады.

Ол көне дәуірден бастау алатын сөз маржандарымен бірге «Кер заман» деп аталатын кезеңнің мұраларын, Абайдың өзіне жалғасқан XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында өткен жаңашылдық сипаттағы жазба ақындардың көптеген өлең-өрнектерін, көне билік сөздерді, атақты батыр, балуан, әнші-күйші, т.б. өнерпаздармен қоса ата-баба шежірелерін шұбырта айтып, төгіп-төгіп тастайтын өте терең



Осындай тума сөз зергерімен 1971 жылдың қаңтар айының соңын ала кезіктім. Мақсатым – Нарманбет мұраларын жинастыру. Мен барған күні Мұқаңның екінші қызы Шәрбан шешеміздің ақсақалы Ақын дүниеден өткен екен. Сәлем бере үйге кіргенімде қара көзілдірікті, шағын денелі, жеңіл қозғалатын қаңбақтай шал сәлем алып, жөн сұрады. Мен жай-жапсарымды айтып бола бергенімде:

– Ойпырым-ай, бірадарды іздестіріп, атын ататып, сөзін тергізетін заман туғандай болғаны ма, қалай? – деп қайталай берді. Мен сендіргендей болғанда сөзі ширақ, шапшаң тіл қатып отырған қария иегі кемсеңдеп, боздап қоя берді. Шалдың айналасында ес біліп қалған бір-екі бала ғана бар. Боздап отырған қарияны әрең дегенде сабырға шақырғандай болдым.

– Балам, осы ауылда қайтыс болып жатқан менің күйеу балам. Сен қысылтаяң шақта кеп қалдың-ау. Үйдің іші арғы қабақтағы Ақын үйінде. Менің екі көзім бірдей жоқ. Біреуінен айырылғаныма 14 жыл, екіншісінің кеткеніне 7 жыл болған. Дәретке мына балаларға сүйеніп шығамын. Жүрісің шұғылдау екен. Бірадардың аруағынан үлкен ештеңе жоқ шығар. Мен бар білгенімді айтармын. Мына балаларды есік алдына шығарайық. Ақын үй жағын бақылап отырсын. Осында бұрылып келе жатқандар болса бізге хабарлар. Көңіл айтам деп келген біреулер менің өлең айтып отырғанымды көрсе, мына шал алжып қалған екен деген сөзге қалармын,– деп екі баланы далаға шығарды. «Балам, бағанадан бері бірадардың құлағын шулаттық қой, өзіне арнап дұға қайырайын»,– деп алақан жайғызды.

Сол алғашқы күннің өзінде-ақ Нарекеңнің отыздан астам өлеңін магнитофон таспасына түсіртті... Бір ғажабы, ол мен барған сайын тек Нарекеңнің мұраларын ғана емес, Абай, Шәкәрім Ахмет, Міржақыптың, тіпті Қадыр Мырзалиевтің де біраз өлеңдерін жатқа айтатын. Әсіресе, Шәкәрімді аузына алған сайын дауыстап жылап: «Ол тек қана ақын емес, көріпкел әулие ғой, әулие» деп, аруағына бағыштап дұға қайыратын. Сөйтіп өлең-жырларын төгіп-төгіп жіберетін. Тіпті, «Бұл ән бұрынғы әннен өзгеректі» өзінің жарық-

айтушы еді. Артынша: «Балам, әулиелігі осы өлеңінде көрініп тұр ғой, өлетінін, қай жерде белгісіз болып көмілетінін, «Қаласың қай сайда» демеді ме, жарықтық»–деп өкінішпен еске алатын.

– Боздап өткен боздақтардың елі үшін жасаған еңбектері, артында қалған сөздері көпшілік құлағына жетер ме? Санасыздардың санасына саңылау түсірер ме екен деп арман қылушы едім. Жаным күйгенде солар болып сөйлеп, солығымды басатынмын. Бірадардың сөзі жарыққа шықса, өзі айтқандай «Қуанам түнде жүріп күн шығар деп, Болса да бұлт бүркеу жел қуар деп». Мынау қуанышты хабар болды ғой. Шіркін Қажының, Ахметтің, Міржақыптың да сөздерін тергендерді көрер ме екенмін?–деп күдікті үмітін айтатын.

Мен осы ақсақалмен бір жарым жылдай байланыста болдым. Өткен-кеткеннен хабар айтып, «сөз тауып қойдым» деп жиі шақыртып алатын. Мен барған бетте: «Әнеу күнгілерден мына бір шумақтар, тармақтар қалып қойыпты, әуелі соларды жендеп ал. Ойыма түскен жаңа сөздерін артынан аларсың»,– деп алғашқыларын толықтырып, соңғыларын кейіннен айтатын. Нарманбеттің шығармалар жинағының жарыққа шығуына өлшеусіз үлес қосқан, оның өмірлік деректерін, өнегелік мұраттарын, хатқа түспеген өлеңдерін (шығармалар жинағының төрттен біріндей мөлшерін) екі бірдей көзі зағип болса да көкірегінен ағыта төгетін айтулы жырау еді.

1972 жылдың маусым айында өзінің шақыруымен барып, соңғы жолыққанымда Абай мен Нарманбеттің ақындық ерекшеліктерін, өлең түрін жасаудағы жаңашылдығын салыстырмалы түрде сұрағаным бар. Сонда қария:

– А, Нарекең мен Абайдың ақындық ұқсастығын, жаңашылдығын сұрадың ба? Абай Нарекеңнің:

Жанашыры, жоқшысы,
Тұсау кесер жақсысы.
Өлең буып қысқанда,
Арқаланар бақсысы, – емес пе. Балам, оны қалай аңдамағансың. Өлеңдеріндегі айтылатын ой, сендерше айтқанда мазмұн ғана емес, ұйқас аңдаудағы ұқсастықтарының өзі ұшан-теңіз, бірін-бірі толықтырып отырады ғой. Сөздерінің мәні мен

*Жүрегімнің түбіне терең бойла,*
*Мен бір жұмбақ адаммын,*
*оны да ойла.*
*Соқтықпалы соқпақсыз жерде*
*өстім,*
*Мыңмен жалғыз алыстым,*
*кінә қойма,–*
дегенді жалғыз Абай ғана айтып кеткен жоқ қой, мұны Шәкәрім мен Нарманбет те, одан кейінгілер де айтқан. Олар сөз ұқпайтын кещелерге көкірек зарын запыран ретінде сыртқа шығарған. Мынаны тыңдашы:

Абай да айтты,
Шәкәрім қайтті?
Соған да көңіл бөлмейсің.
Нарекең өксеп,
Бірлікті көксеп,
Арманын төгіп зарменен,
Жандасып орта барменен.
Мыңменен о да алысқан,
Артында қалды қара аспан,– деп тоқтап қалды. Біраз ойланып барып: «Заманасына кімнің көңілі толған. Жері шалғай болғанмен, Тобықтының екі алыбы ағалы-інілі болып өтті ғой. Замандары бір, өз ортасынан көрген теперіштері сол – ел бол дегенін ағайындары мен тумаларына тыңдата алмады. Олар соған күйінді.

Ақындық – Алла тағаланың пендесіне бұйыртқан үлкен сыйы. Сол сыйды екеуі де кер-жерге жаратпай, құнын түсірмей, елдің елдігін көтеруге арнады. Ал екеуінің ұқсастықтарын өздерінен ізде. Абайдан екі өлең оқысаң, Нарманбеттен бір өлең оқы. Сонда сұрағыңның жауабын әкелерінің өздері айтар»,– деген еді... Сол жолы қайтпақшы болған ниетпен қолын ұстай бергенімде:

– Балам, сәл аялдай тұр. Өрімбала бармысың? Кешегі дорба қайда, әперші, –деген. Шапшаң қозғалған келіні шал отырған төсектің бас жағындағы шегедеіл улі тұрған, аузы бүрілген қомақтылау сары атлас дорбаны алып:

– Әке, міне,– деп қолына ұстатты.

– Балам, мынау оқып-білгендерім мен естігендерімді жинақтап қағазға түсірген тарихи көне дүниелер мен ақын-жыраулардан қалған сөздердің сүмесіндей бірденелер. Жасымнан жинақтағандарым қомақты болатын. Үлкен шамадан толған қолжазба еді. Бәйбішем қайтқан соң балалар дәлізге, көзден таса бұрышқа шығарып тастапты. Тышқан несін қалдырсын, біразын түтелепті. Кеше Өрімбала екеуміз бүтін-ау дегенін көзбен емес, қолмен сұрыптағандай болғанбыз. Мына дорбадағы сол қиынды-қиқым қағаздар. Мен қараңғы түнектегі адаммын. Өмірбала ескіше танымайды ғой. Басы жоқ, аяғы жоқ араласып кеткен қойыртпақ екенін біле тұра, жағып жіберуге көңіл де, қол да бармады. Бірадардың сөзін естіп жүрсің ғой, бір қажетіңе жарап, бір кетігіңді толтыруға септігі тиер деген үміт қылаң бергендей болған. Өзім ұмытқан бірлі-жарым деректер осы боқшадан табылар деген ниет те жоқ емес. Мә, балам,– деп қағаз толы дорбаны қолыма ұстатты. Іле-шала:

– Өлмейтін пенде жоқ, жасағанның бұйыртқан жарық дүниесіне қонақ болып келіп, біреуден ілгері, біреуден кейін несібе теріппін. Зейнетінен бейнеті көп сексен деген жастың ортасына іліктім. Бұл қызуы қайтқан екінді шақ. Ұзай қоймаспын.

мын,– деп сәл тыныстағандай болып, сөзін қайыра сабақтады.

– Сені шақыртқан себебім, – бірадардың өзім білетін мұраларының аманат екенін жеткізу. Сөздерінің соңғы сарқынымен қоса қайтпас сапарға аттанар алдында мойнымдағы қарызды парыз етіп алдың ғой. Сөз ұстайтын біреулерге кезікпесем, бірадардың мұраларын өзіммен бірге ала кетіп, өлтіріп алам ба деп қауіптенуші едім. Аманаттап алдың, қарызымнан құтылдым деп отырғаным сол ғой. Түсінген шығарсың,– деп, төгілте бата берген-ді.

Зеректігі де, зерделігі де таң-тамаша қалдыратын айтулы жырау, сөз өнерінің кеніші Мұхаметжан қария іле-шала 1972 жылы 13 маусымда 84 жасында өмірден өтті.

**Аманкелді ТУҒАНБАЙ,**
**зейнеткер-ұстаз.**

АҚТОҒАЙ ауданы

# “Нарманбет сөзі” атты мақала

ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Нарманбет ақын 1906 жылы Семей қаласында өткен бірінші мемлекеттік Думаға депутаттыққа кандидат үшін күрестегі жаңалықтары жайлы ... ол әр елден келген небір жайсаңдармен жүздеседі. Олармен тіке түйіліспе отырып сөз сайысына түседі. Солардың ішінен атақты Шорманның Сәдуақасы және Найман Бердібек шешенмен сөз жарыстырулары тапқырлыққа құрылған мәнділігімен ерекшеленген екен.

1971 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының «Сирек кездесетін қолжазбалар қорындағы «Нарманбет папкасының» «Бердібек шешен мен сөз қағысуын» көшіріп алған едім. Бекеше Қарқаралы өңіріне тағымал ел басшыларының есімімен бірге атақты Әлихан Бөкейханов пен Жақып Ақбайұлына және т.б. тарихи тұлғаларға байланысты деректер келтірілгендіктен газет арқылы оқырманға ұсынуды жөн көрдім. Материал ауызша әңгімелеу түрінде бұдан алпыс жыл шамасы бұрын хатқа түсірілгендіктен басқы, бірінші бөлімі өзгерісіз сол қалпында алынды.

## Нарманбет сөзі

1906 жылы 15 ақпанда Семей қаласында думаның үйінде «Государственный дума 1-ші» депутаттарын сайлауға жиылдық. Бір облыстан 176 кісі сайлаушылар жиылды. Бұлар: Арғын, Найман, Керей, Уақ, Қыпшақ, Қоңырат, ягни алты арыс Орта жүз, «Алаш» уранды қазақ, «Арқар» уранды төре, «Алла» уранды қожа үшеуінен де бар. Сонда «Народный Думаға» жиылдық. Біздің Қарқаралыға қараған Қаракесектен ақсақалымыз—Қақабай ақсақал. Басында тостаған күміс тақиясы, белінде кемер күміс белдік, үстінде жапат ішік. Оның қасында қазақы қоңыр киім-ішікті Мұсатай ақсақал. Сол жақта Нұрмағанбет Мұртаза баласы және Құдайберлі, Ыбырай-Қойбас балалары—бұл екеуі де Қақандай киген, нұрлы. Сонда есіктен біреу келді. Шемірштегінен буынған, ышқылдай, құр сілдеу. Дағарадай ақ елтірі бөркі бар, сүйретілген қызыл драп шапаны бар. Наймандар тұрып, орын беріп, киімдерін іліп отырғызды. Сол бұйра сақал, шегір көз, бүйрек бет, аламан ауыз адам отыра салып айтты:

—Жамиғат, кеңес қайырлы болсын, —деді. Біз «Әлей болсын» дедік. Ол: «Мәслихат не?»—деп сұрады. Біз жауап бердік. «Депутаттыққа кімді сайлаймыз деп отырмыз. Жақсы күні жиылғанда кімді сайладыңыздар?»—деп. Біз: «Қарқаралы төресі Ғалихан Бөкейхановты сайладық»—деп. Ол айтты: «Олай болса, Қарқаралы жолы біткен ғой. Енді Өскемен, Жайсаң, (Зайсан), Семей жолдары екен»—деп. Сонда мен айттым: «Рас, Ғалихан Қарқаралы төресі. Бірақ төре қазаққа бір деп ғой. Егер оған күйгібесеңіз, әуелі той тарқар қызбен айтысып, аузымыздың дәмін ала алмай қалдық, әлі де бізге кон берсеңіздер»—деп.

Сонда ол айтты: «Қайыр, орыс, ноғай, сартан болмас, әйтеуір бір қазақ болар. Ат сұрасып, ата білісейік. Елге кімді көрдік деп барамыз. Түлкі ішікті, күміс тақия, кемер белдік көрсек Плешептің магазининде толып тұр»—деп, біздің Қақандардың киімін шала сөйлегенде, бұрын мұндай сөз естіме ген кісілер жауырыны құрысып кетті.

Сонда мен айттым: «Рас сүннет, ата болып жол сұраспақ. Дұрыс, сұрашыдар». Ол айтты: «Бұл сөзді мен бастадым ғой. Енді Найман адамдарының жөн-жосығын мен айтайын»,—деді.

—Найманның тоғыз баласы бар екен. Әр баласына бір таңба беріп, бір баласына таңба жетпеген соң, теріс жағына таңба басын берген. Содан «теріс таңбалы» Найман аталған. Содан шыққан мен Бердібек деген кісімін—деді. «Екінші Найманнан Саржомарт, онан Көкжарлы, одан дуан басы Тілеуберген, помощник Әлихан, одан карунжі Ісләм, оның інісі Ақатай деген болыс мынау»—деді, бір кайрақтай қарашаны. «Үшінші Бәйжігіттен он екі жұмық болады. Жүз түйеге жамбы артқан. Баласына 500 қысырақ матап берген деген бай Шаянбай, оның баласы Тоғус қажы, оның баласы осы отырған Көлбай мырза»—деп, бірі көбік ауыз, көбелектей ушып жүрген біреуді көрсетті. «Төртінші Құнанбайдың Ыбырайы «Қарамола съезінде» айтып еді,» Қуандық, Қаракесек ас беріп, ат шаптырғанда Қуандық аты бәйгіден келіп, демін алып, тері кепкенде Қаракесек аты сонда келер деп. Сондай-ақ бұл сөйленем демін алғанда, өзгеміз сонда ғана сөйлейміз. Бұл Көбдікөрім Ережепұлы дегені»—деп, сақалы түксиген, мұрты тікшиген, тілі жылмаңдаған бір кетік сарыны көрсетті. Содан соң: «Сіздің жақтың аты-жөнін айтып, кім жауап береді»—деді.

Мен айттым: «Ақсақалдардың атышы едім, мен жауап берейін»—деп.

—Әуелі Абылай ханнан бұрын Тәукехан, онан бұрын Сәмеке ханның тұсында үш жүз Түркістанда бас қосып, ұлы жүз Төлеңі, орта жүз Қазыбекті, кіші жүз Әйтекені би сайлады. Сол Қазыбектен Тілеуші, онан Алшынбай, онан басына күміс кип, ініне ормалын отырған Қақабай деген би осы.

Екінші қазақ Тәшкеннен бөлінін бергін келе хан сайлағанда деп жиылып Шаншарулы Бертісті сайлап Қарқаралға хан етті. Бертістен, Бектемір би, одан Қойдан қоңыр, тайдай торы болып отырған Мұсатай қажы осы дедім.

Үшінші Қаракесектен Машай, Бошай онан Керней би, онан Шаң, онан Жомарт би, онан жас күнінде бала би, өскен-соң қара би, онан Шолақ мырза, одан Адамбай—Түрсын. Алты жасар баласының алты көрген басіресі қозысы бар. Жылқы ешміге мың болса, тіл тиеді деп, тоғыз жүзден толық қылып ... рақ берді бала басына. Бір аулынан жүз кісі қонып, жүз кісі аттанып шығады. Қаракесек—Қаракесек арасын ұйытқы болған Әбен мырза осы—дедім.

Төртінші Тобықтыдан Бортебай деген кісі Мұрын-Сыбанда саудамен тұрып, Қысық дуан басының қызын той малына тоғыз жүз тайынша беріп, баласына қызын әперген кезде Садыр басының қызын жеті жүз еркек қой «ит ырылдар, бақан салдырар» беріп алып берген. Найманнан көшенде Аягөзден тоғандағының арты жөнелдіп, алды теңізде шешіліп жатқан, түлкі, қарсақ, жамбы, қой артқан. Соның баласы сырбаз Сыздық, оның баласы осы отырған Молғажан мырза.

Бесінші Нарымбекті сұрады. «Бұл кім жігіт?»—деп. Сонда біздің жақ сөз таба алмайды ғой деп сасып қалыпты. «Машай-Бошайдан Боранша, Бейімбет, онан Қашқынбай колбасы, онан қара суға орысша оқып дем салса, қатық болып ұйып қалатұғын Нарымбек болыс осы»—дедім.

Сонда ол: «Мырза айынқа бұйырмады, бір ауыз өлең айтайын»—деді. Мен: «Айтсаңыз да мейлініз»—дедім. Сол арада Арғын, Найман теріс келіп, екеуміздің торғайдай ... қаман алды. Сонда Бердібек айтты: «Қаракесек қарқара күңнен туған, Қазыбегі би болып бетін жуған»—деп. «Сондай-ақ, соншалық Қаракесекті мақтайсыз, шешесі күң емес пе»—деп. Мен айттым: «Он сегіз мың ғаламның абзалы Мұхаммед пайғамбар оның атасы Ыбырахым пайғамбар бәйбішесі Сарадан Ысқақ туды. Зұлғаршы неге патша тартқан ажал деген кәнізактан туды. Содан алты пайғамбар бар. Біреуі—Салық пайғамбар, ақыры Мұхаммед пайғамбар. Сондай-ақ Қақабайдың шешесі кіші болса да, күтабөрекі әулиелік бар»—дедім.

Сонда ол: «Сары қасқа шырағым, өзің кімсің?»—деді. Мен: «Аталы жетелі кісі емеспін, жеңе жан Абылайдың он тізесіне отырып үш жүзге үлгі айтқан «Жеті жарғының» басы Қараменде бидің әулетімін»—дегенде «Жаман екенсің ғой»—деп, күліп сөз төмен болды. Сол арада Қақандар кезі жайнап, масайрап, мақтанып, елге қайтып: «Нарманбет Бердібек шешенмен сөйлесті» деген осыдан шықты.

1906 жыл.

Семейде өткен осы жиынның бел ортасында Ақбайұлы Жақып та болады. Ақын Қарқаралы адамдарын таныстырғанда Жақыптың ата-тегі туралы тарату—түсініктемелер келтірмей, «Орыс оқуын тауысқан Ақбайұлы Жақып» деп қана тоқталады. Жиын тарқар кезінде Жақып Нарекеңе: «Елдің жеті атасына дейін таратып, мені шолақ қайырдыңыз ғой»—деп өкпесін сездіреді. Нарекең: «Түйемен қысырақ қараған кетіп кандығы өлген Құлабай атанды Наймандарға қалай мақтайын» деген екен. Сонда Жақып «Алда тәйір ай, кемусіз кеткен Құдабайды күргыр бар екен ғой. Ол есімнен шығып кетіпті, айтпағаныңызға рахмет. Жат жұртқа күлкі бола жаздаған екеміз. Қақандар тәрізді жеті атамның жетелілігін сіздің аузыңыздан естіп, шаттанар ба десем, орта жолда осылай сұмдық бар екен ғой»—депті.

Сондай-ақ осы «сөздің» соңғы жағында Бердібек Нарекеңнің тапқырлығын ... түсінік ...: «Ыныным ай, шырағым-ай, мына аз ауыл Дадан да бір шешен сары бар деп естуші едім, сол сен емессің бе?»—дегенде Нарекең:

Ханға басшы Қаракем,
Дінге басшы Күнекем,
Жеті Момын тегім бар,
Менен артық кім екен—деп келтіпте:
Тобықты өжелден-ақ атты шулы.
Анамыз жерік болып ішкен уды.
Нашарды мамынменекем қорға алып,
Тентектің тісін қағып, тілін буды.
Тобықты жеті Момын бел баласы.
Перінің жігітіндей бозбаласы.
Қарекем, Күнекемнің заманында
Орта жүз түгел болған келмағы...

деп таңқалтып жөнелгенде Бердібек шешен: «Қарағым, болды-болды, қой ғой, мен жеңілдім, сен жеңдің» деген екен.

Жоғарыда академиялық нұсқада келтірілген кісі, ру аттары т. б. жөнінде қосымша түсініктемелер алу мақсатымен өткен жылы (10. 02. 1991 ж.) Шашубай «елді-мекеніндегі» тұрғыны, қажы Аманбекұлы Қасабек қарияға жолыққанымда ол кісі «Бердібек шешен мен Нарекеңнің қақтығысының» қағазға түсірген қосымша нұсқасын айтып берген еді. Тарихи деректердің көп нұсқалы болып кезігуі шындықты теріске шығармайтындығын, қайта оны байыта түсетіндігін ескеріп, жаңа деректерді 1906 жылғы ақын сөзінің заңды жалғасының айғағы ретінде қабылдап қоса ұсындық.

Қасабек ақсақал айтып берген деректердің жоғарыдағы «сөзден» қалып қоюында мән бар. Өйткені Нарекеңнің өлеңдерін Мәскеу пен Ахметтің Тұрғанбегі жинақтап Алматыға, басқара тапсырған түсталиндік репрессияның дәуірлеу кезі болатын. Сондықтан олар Жақыпқа, Құнанбайға, Қараменде биге байланысты сөздерді «сақтық» жасап алып тастаған болуға тиіс.

А. ТУҒАНБАЕВ,
Ақтоғай селосы.

# “Асыл сөздің сандығы ” атты мақала

# АСЫЛ СӨЗДІҢ САНДЫҒЫ

## (Нарманбеттің ғұмыры мен шығармашылық өмірі хақында)

Өзімді алма, сөзімді ал деген Абай,
Алмаса да сөз жазды-ау талай-талай.
Ағаты болса ғафу өтінемін,
Сен соның інісі едің деме, пәлі-ай, — деп ақындық сапарындағы алғашқы дәрісін ұлы Абай мектебінен шыңдалып өскен Нарманбет ақынның шығармашылық өнері Абай мұраларымен сабақтас, тақырыптас, өзектес. Абай мектебінен тағлым алғандардың көбісі белгілі бір тақырыпты өздерінше жырлап, бірімен-бірі іштей сөз сайысына түсіп отырған. Мәселен, Шәкәрім «Талап пен ақыл» деген өлеңінде:

Ынсап, ұят, ар, рахым, сабыр сақтық,
Талапқа алты түрлі нокта тақтық.
Алтауының ішінде ынсап әділ,
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық,—деп ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық хақында толғаса, Нарманбет:
Әдеп, ұят, ар, намыс, сабыр, сақтық,
Қанағат, рахым, шапағат, адал, әктік.
Шындықпен бірге өсіп, біте қайнар,
Осы он бірге ат қойып, айдар тақтық, — деп толғап, адамдық, азаматтық қасиеттердің тағы бір он бір түрін тіліне тиек етеді. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз», —деп Абай айтқандай, жақсыдан шарапат алуды өзіне ғұмырбойы мұрат тұтқан Нарекеңнің балалық, жастық, жігіттік кездегі шығармалары мен тоқтасқан кезеңдегі ойшыл, өмір ағысын таразылаудан туған туындыларының тереңін тап басып, тану қиын іс екені ақиқат. Өйткені, ақынның дүниеден көшкен кезімен бүгінгі, кейінгі толқынның аралығында біраз уақыт айырмашылығы жатыр. Кезінде ол кісінің атын атап, еңбектерін сөз еткендердің біразы орынсыз жазаға ұшырады. Өлеңдерінің көбісі ұмытылып, көненің көзі сарқылған кезеңге кезігіп отырмыз. Енді бүгін «Әлдеқашан бел асып кеткен көштің айдаладағы жұртына кешігіп жеткен жүргіншінің сөніп қалған от орнынан болмашы жылтыраған бір қызыл шоқ тауып алып, соны демімен үрлап тұтатпақшы болғандай» (М. Әуезов) күй кешіп отырмыз.

Елдің миы, жүрегі,
Асыл сөздің сандығы.
Елден мені іздесең,
Табылады барлығы,— деген Нарекең заманында қаншама қыспақ-зобалаңдарды басынан өткергенімен оның соңында қалған саф алтындай мұрасы бүгінгі ұрпаққа сол саф таза күйінде жетті. Ақын мұрасын бізге табыстаған Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданының аяулы ақсақалдары Мұхамеджан, Жемшікбай, Ақай, Есжан, Қауаз, Зейіттерлің атына айтар алғыс мол.

Көзі тірісінде алты Алашқа аты мәшһүр болып, жиырма екі болыс Қарқаралы уезін аузына қаратқан Нарманбет ақын 1859 жылы Саға маңында дүниеге келген еді. Әділ билігі көріпкел әулиелігі арқылы қазақ шежіресінен өз орнын алған Қараменде биге туыстық-жақындығы ақынның жастайынан сөз өнеріне бейімделе өсуіне айтарлықтай ықпал жасаған. Әкесі Орманбет билікке қатысып, «Қалдау [illegible] ақын ре-[illegible]де ерте танымал болған еді. Осындай екі [illegible]ылдың сынығы:

Мен өзім қайдан шықтым, даудан шықтым,
Нағашым Балта, Түйте екі темір.
Қажымас қара болат жаудан шықтым. — [illegible], өзінің тектілігін де орынды мақтан тұтқан.
Нарманбет сегіз жасынан бастап өз ауылында Түркиядан келген ғұлама Қари деген молдадан кейіннен ел аралап, бала оқытып жүрген татар Шаяхметұлы Хасеннен сабақ алады. Екі үлкен молданың алдын көріп, мұсылманша жақсы сауат алуы, жастайынан Шығыс классикасымен ерте танысып, әдеби тілде жазылған қолжазба кітаптармен көзі ашылуына мүмкіндік жасады. Табиғатынан зерек, ізденімпаз Нарманбет бала күнінен бастап-ақ шешендік сөзге, мақал-мәтелдерге, өлең-жырларға ден қойып, ел аузынан естігендерін жаттап, ұғып алатын құйма құлақ атанады. Ақынның алғашқы қаламына Тілеубай, Шалқар, Қалжан сынды осы ортаға танымал қара тілдің жорғасы атанған ел адамдары жол болсын айтып, тұсау кесер жасапты. Оның ақындығы 12—13 жасар шамасында ел-жұртына танымал бола бастаған. Өзі теңдес ауыл балаларына, аға-жеңгелеріне, апа-нағашыларына арнап қағытпалар шығара бастайды. Солардан қолымызға түскені Мұхамеджан қарт жазып алған апасы Қалиманға арнап айтқан екі-үш ауыз өлеңі. Қалиманды сәби кезінде қалмақ тұқымынан тарайтын бір жігіт айттырыпты. Кейін партиягершілік, алыс-тартыста Орманбет қалмақтың басқа бір адамы Байеш дегеннен көп мал алып, қызын соған бермекші болады. Байеш келіп-кетіп жүргенде Қалиманның аяғы ауырлап қалса керек. Апасының осы қылығын жақтырмаған Нарманбет:

Әпеке құтты болсын қалмағыңыз,
Әйтеуір қалмақ екен бармағыңыз.
Қазақтан өз теңіңді таппадың ба?
Қалмаққа қалай ауды салмағыңыз? — дейді.
Сонда апасы:
Бір барып алпыс қара айдап алдың,
Бір қыздан мұнша неге пайдаландың?
Шынжыр балақ, шұбар төс жігіт болсаң,
Қалмақтығын білгенде қайда қалдың?
—дейді. Сонда Нарманбет:
Өрекемнен сұрап ем ойнас болдың?
Бермесіне сен сайтан қоймас болдың,
Әуелгі атаң Абылай о да—қалмақ,
Сен албасты-ақ қалмаққа тоймас болдың!—
деген екен.

Әкесі Нарманбетті он төрт жасқа толған соң Қарқаралы қаласындағы орыс мектебіне тапсырады. Ақын мұнда Бектемісов Уәлиолла деген татар саудагердің үйінде жатып оқиды. Қотанбұлақ болысынан барған екі балаға сол үйдің еркешора қыздары үстіңгі қабаттан еденді дүрсілдетіп, сабақ оқытпайды екен. Осы қыздарға арнап Нарманбет мынандай өлең жазыпты:

Ойнайды жоғарыла көкала үйрек,
Сол үйрек ойнаған соң ашыр бүйрек
Армансыз бұл дүниеден өтер едік,
Қол созып қоға жайдан алсақ сүйреп!

Қарқаралыда жүргенде осы шаһарға Алаштың ұлы ақыны Абайдың келгенін естіп, жақсымен жанасуға ниет қылады. Ақынның жатқан үйіне іздеп келіп, арнайы сәлем береді. Осы таныстық Нарманбеттің Абай мектебінен тағлым алуына, оның жолын қуып, сырты—күміс, іші—алтын сөз жақсысын [illegible] дап шығуына ел ішіндегі бақталастық пен партиягершілік кедергі жасады. Атадан балаға мұра ретінде беріліп келе жатқан ел билігін қолдан шығармаудың қамын ойлаған Орманбет баласын оқудан ерте шығарып алып, атқа мінгізді. Ол кейіннен өздігінен көп ізденудің, талаптанудың арқасында озық ойлы орыс жазушыларының шығармаларын еркін оқитын сауатқа жетеді.

Пушкин менен Лермонтов,
Біздей ақын емес пе?
Ақын болған адамдар,
Жұрттың қамын жемес пе?
деуі Пушкин мен Лермонтов шығармаларымен терең танысып, озат ойлы орыс әдебиетінен мол рухани азық алғанын дәлелдесе керек.

Ақын өлеңдерінің көпшілігі көзі тірісінде ауылдас ағайындарының жазып, жаттап [illegible] туымен ел арасына кеңінен тарады. Кі[illegible] етіп бастыруға арнаған қолжазбасының [illegible] лық нұсқасы екі рет қолды болды. Бірін[illegible] сін 1915 жылы жойып жіберген, кейінгі [illegible] нақтарын қарқаралылық Ақайдың Хасені [illegible] Толыбайдың Мұхамедқалины алып, қайт[illegible] май қойыпты. Мұхамедқалидың азда[illegible] ақындығы болса керек. Қолына түскен [illegible] рекеңнің өлеңдерін өз сөздерімен аралас[illegible] рып жібергендігі кейбір академиялық дер[illegible] терден көрініп жүр.

Ел ішінде Нарекең Абай үлгісімен қ[illegible] сөз де жазыпты деген сөз бар. Бірақ ол [illegible] ралар бізге жетпеді. Қазақ өміріндегі [illegible] түрлі әлеуметтік жағдайлардың куәсі б[illegible] ған ақын шығармаларының мөлшері бү[illegible] бізге жеткен нұсқасынан әлдеқайда [illegible] болса керек.

Нарманбет шығармашылық өнерінің ш[illegible] қау кезеңі 1900 жылдардан кейін басталa[illegible] Оның осы кезеңде жазғандары бұрынғы[illegible] на қарағанда идеялық, көркемдік жағы[illegible] да, тақырыбының кеңдігі жағынан да құ[illegible] да, мәнді. Ақынның ел аузында сақтал[illegible] төрт мың жолдай өлеңін 1927—1934 жыл[illegible] ры Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы[illegible] тумасы Тұрғанбек Ахметов пен баласы М[illegible] сұт жинақтап, Қазақ ССР Ғылым академ[illegible] сына тапсырған екен. Тұрғанбек 1937 жы[illegible] халық жауы болып ұсталып кеткеннен ке[illegible] аталмыш қолжазба жарық көрмей қал[illegible] 1939 жылы ғалым Есмағамбет Ысмайы[illegible] арнайы алғысөз жазып, «Нарманбет өлеңдері» атты таңдамаласын жарыққа [illegible] ғарды. Ақын шығармалары 1941 жы[illegible] «Жирмасыншы ғасыр басындағы қазақ ә[illegible] биеті» атты әдебиет оқулығына кіргізі[illegible] кейбір өлеңдері хрестоматиялық оқулықт[illegible] да басылды. 1966 жылы Алматыда шық[illegible] ақындар айтысының үш томдығының екі[illegible] кітабында Нарманбет пен Жуасбай ақ[illegible] ның айтысы жарық көрді. 1972 жылы [illegible] нинградта басылған «Поэты Казахстана» [illegible] ты орысша антологиялық жинақта ақын[illegible] біраз өлеңдері жарияланды. Жариялы[illegible] заманына дейін ақын өлеңдерінің баспа [illegible] зін көргендері—осылар ғана.

1950—60 жылдары ғылыми жинақтар [illegible] баспасөз беттерінде Нарманбеттің саяси [illegible] карасы мен ақындық шеберлігі, жалпы [illegible] расы хақында бір-біріне қарама-қарсы ке[illegible] гар бағыт ұстаған пікірлер қозғалды. Ол[illegible] дың біреулері ақын мұрасына жанашырл[illegible] [illegible] достығын түсінбеген, байшыл, кертартпа ақын деп бағалады. Нарманбет мұрасын көп елден ертеректеу танып, түсінген ғалымдар Ғайниден Мұсабаев, Бейсенбай Кенжебаев, жерлесіміз Әбдіраш Көпбаев, тарих-этнография тақырыптарына жиі қалам тартып жүрген Садық Қасиманов, Рысбек Сарығожин, жазушы-ғалым Мұхтар Мағауиндердің есімдерін ерекше ілтипат, құрметпен атап өткеніміз жөн. Нарманбеттануда жаңа ғана бой көтеріп, құлашын кеңге жайып келе жатқан игі нышанды етегінен тартып, теріске бұрып жіберген Ысқақ Дүйсенбаев секілді ғалымдарымыз да баршылық.

Ақын шығармаларында көтерілген көкейкесті мәселелерге көз жіберсек, махаббат, жастық, саяси және көңіл күй лирикасы әлеуметтік пәлсапалық толғаулар, заман, қоғам, адам тағдыры анталап алдыңыздан шығады. Оның өлеңдерінің көпшілігі арнау хат түрінде жазылған. Олардың ішінде әзіл-сықақ, эпиграммалар да жиі кездеседі. Махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінің көпшілігі саф таза сұлулықты, әсемдікті жыр етеді.

Алтынбас қалқам ақ маңдай,
Гауһарлы жүзің гауһардай.
Оймақ ауыз, жез таңдай,
Таразы бойын,
Таптырмас ойын
Дәл қандай!

Оның ғашықтық өлеңдерінде ішкі жан дүниені баурап алатын шынайы сүйіспеншіліктен туған ыстық сезімдер, адамды еріксіз тартып алатын пәлсапалық ой түйіндері жиі кездеседі. Нарманбет әйелді махаббат, сұлулық жағынан ардақтайды да, жақсы—жаман қатын деген атты оның үй шаруашылығына қаншалықты ұқыптылығымен қарап бағалайды дейтін Есмайыловтың пікірін қоштай алмаймыз. Өйткені, ұлылық пен сұлулықтың символындай қазақ әйелінің ғажайып табиғи бітімі Нарманбет шығармаларында шалқар шабытпен жырланады. Оған дәлел ретінде ақын шығармаларындағы махаббат лирикасының кез-келген шумағын алып қарауға болар еді.

Алаш өміріндегі әлеуметтік теңсіздіктерді терең зерттеп, тебірене жырлаған ақынның қазақ халқы үшін оқып, білім алудың қажеттілігіне көзі әбден жетті. Осы кезеңде Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Ақбайдың Жақыбы сияқты қазақтың бір топ оқыған азаматтары ел болудың жөнін сөз етіп, отарлық езгіден құтылудың жолдарын қарастырып жатқан-ды. Ол үшін бірінші кезекте халықты қалың ұйқыдан ояту міндеті тұрды. Осынау қозғалыстың қызу ортасында Нарманбет те жүрді. Ақын көзқарасындағы ағартушылық-демократиялық ой осы кезде туып, қалыптасты. Ақын қоғамдағы қайшылықтардың шиеленісе дамуының куәгері болып қана қойған жоқ. Қоғамдағы әділетсіздікті аямай сынап, оны түзету үшін күресе де білді.

Ел ішінде азғандар,
Партия жасап жауласқан.

* * *

Ғылымның нұр сәулесі түспеген соң,
Көңілі біздің жұрттың қара жатыр.

Ол ұлы атасы Абай секілді «қазақ елін—қайран жұртын» жанымен сүйеді. Қазақтың келешегі жастарға зор үмітпен қарап, халқымыздан сәуле алатын нұр болуға тырысайық деп үн тастайды. Ақын 1905 жылы Қарқаралыда қазақ балалары үшін іргетасын Ахмет Байтұрсынов қалаған бастауыш мектептің ашылуына қатты қуанып, «Мектеп бастығына» атты арнау өлеңін шаттана оқиды.

Шығармашылық жолы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезін қамтитын Нарманбет творчествосы қазақ поэзиясындағы алтын әріппен жазылатын рухани мұрамыздың бір. Өзі өмір сүрген орта дәуірі деңгейінен, оның қанға сіңген ескілік ұғымынан сытылып шығып, ол өз елінің ертеңіне [illegible] ерекше сеніммен қарады. [illegible] ның ел аузынан жиналып алған еңбектерінің басын құрап, толық жинағын шығару міндеті тұр. Асыл сөздің сандығы атанған ақынның аманатын сақтап, ұрпаққа жеткізу кейінгі толқынның басты міндеті.

Аманкелді ТУҒАНБАЕВ.

# “Нарманбет өмірін арқау еткен ” атты мақала



*Ақтоғай: тарих және XXI ғасыр

***Ақын Нарманбет Орманбетұлының творчествосын зер салып оқығандар оның бертінге дейін терең талдау жасалмағанын бірден байқар еді. Оны ұлтшыл ақын ретінде көрсетіп, шығармаларының жолына тосқауыл қойылғаны да белгілі. Тек еліміз тәуелсіздік алып, өз егемендігімізге қол жеткізген кезеңде ғана ақынның аты дұрыс аталып, шығармалары жарыққа шығуға мүмкіндік туды. Бүгінгі назарларыңызға ұсынылып отырған мақалада ақынның өмірбаянына талдау жасаған кейінгі бір туынды арқау болып, автор соған орай өз пікірін білдіреді.***

## Нарманбет өмірін арқау еткен

(Жинақты оқығаннан кейінгі ой)

Нарманбет Орманбетұлының өмірбаянына қысқаша шолу жасап өтсек, ақын 1991 жылдан бері өз атын иеленген Нарманбет ауылының Тоқырауын және Қусақ өзендерінің түйіскен Балқаш көліне тақау Саға деген жерде дүниеге келген. Осы жерде ақынның ата қонысы, қыс қыстауы және өзі мен туған-туыстары жерленген күмбезді зираты бар. Ақын 1918 жылы Қарқаралыда қайтыс болғаны белгілі.

Қарағанды қаласындағы ,,Болашақ,, баспасынан шыққан (1998 ж.) Нарманбет жөніндегі жинақта: ,,Нарманбет Орманбетұлының творчествосын алғаш зерттеушілер көп уақытқа дейін, әсіресе 1950-60 жылдар шамасында қарама-қарсы екі бағыт ұстанған пікірлер қозғалды. Пікір білдірушілердің көбі ақын мұрасына жанашырлық сипаттағы бағыт ұстанса, екіншісі зар заман, сұм заман деп зарлап өткен Ресей мен қазақ елінің достығын түсінбеген кертартпа ақын деп бағалады,,—дейді. Ал қазақ әдебиеті тарихының 2-том, 2-ші табының ,,Жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті,, деп аталатын тарауында Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше корреспонденті Ы.Дүйсенбаев та дәл осылай талдау жасаған. Ақиқаттан алыс, асығыстау осы кереғар қорытынды жөнінде ,,Қарқаралы,, журналының 1991 жылғы қаңтардағы санында ,,Қайта жанған жұлдыз,, деген мақаласында: "Нарманбет ақынның творчествосы жайында мүлдем басқаша сөйлеу керектігін терең түсіне тұра жүрегі қан жылай отырып осылай деп жазуға мәжбүр болған еді. Оны басқаша жазуға сол кездегі саяси ахуал мәжбүр етті" деп түсінік береді.

Солай десек те, ғалымның ақын шығармашылығына терең бойлап, ақиқатын айтса да болар еді ғой деген ниетімізді қайтып жасырамыз. Қай ақын болмасын өз заманын жырлайтынын ес[illegible] алсақ, көзі ашық, көкірегі о[illegible], Нарманбет патшалық Россияның отарлау саясатын көзімен көріп, денесімен сезе отырып, оның зардабын да біліп, зарламады ма. Осыған орай ақынның "Кер заман" поэмасын алайықшы.

Ағайын ала,<br>
Қолда шала,<br>
Тұтап жана,<br>
Ұрлық-зорлық,<br>
Ақка-жала.

Мұнда ел ішінің береке-бірлігінің кеткені, алауыздық, әлдінің әлсізді ықтырып, қуғын-сүргінге ұшыраған қарапайым адамдардың мүшкіл халін жеріне жеткізіп, суреттеп сынайды. Сондықтан "Болашақ" баспасынан шыққан ақынның шығармалар жинағын оқи отырып, оның өлеңдерінен Абай айтқан "тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер" эстетикалық жағынан талғамды шығармаларын көреміз. 1991 жылы "Қарқаралы" журналында ғалым, журналист Рамазан Сағымбекұлы "Қайта жанған жұлдыз" атты мақаласын жариялап, Нарманбет творчествосына терең зерттеу жасапты: "Абайдан кейінгі кезеңнің Абайы, сол Абайдың өзінен де көп реттерде аласара бермейтін арқалы да, ақиық ақын" дейді журналист. Осы мақаладағы тың деректерді оқырмандарға түсінікті болу үшін толық беруді жөн көрдім. "...Нарманбет ақын Қарқаралы, Семей өңіріндегі оқыған көзі ашық, демократиялық бағыттардағы достары Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Нығман Нұрмақовтармен 1917 жылғы ақпан және қаңтар (қазан болуы керек) революциясын қуана қарсы алды. Сол бір тұстағы қазақ зиялыларының рухани күйін дәл танытарлық ғажап туынды орыс жазушысы В.Г.Короленконың "От" деген әңгімесін аударып, "Қазақ" газетіне жариялаған Ә.Бөкейханов орыс жазушысының әңгімесіне эпиграф етіп Нарманбет өлеңдерінен:

"Қуандым түнде жүріп күн шығар деп,

Болса да бұлт бүркеу, жел қуар деп"—деген екі жолды алған екен. Ал Қарқаралы уезінің барлық 22 болысынан өкілдер қатысқан Қарқаралы уездік Қырғыз комитетінің мәжілісінде Нарманбет кеңес төрағасының орынбасары болып сайланады. Бұл комитеттің құрамында Нарманбетке сот-трибуна ісін басқаруды ұйымдастыру жүктелді. Аталмыш кеңес төрағасы Жақып Ақбаев еді. Тарихта белгілі болғанындай Нарманбет кейін уездік сот төрағасы болып істеді. Ол Жақып сияқты арнаулы білімі бар інісінің праволық білім тәжірибесінен үйреніп, ел көкейіндегі жаңа да, әділ қоғамды орнатуға зор үлес қоса білді.

Аталмыш журналдағы бұл ұзақ деректерді келтіріп отырған себебіміз Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаевтармен бірге Нарманбет Орманбетұлының да халық қадірлеген тұлға болғанын айту, көзді жеткізу. Аталмыш Алаш көсемдері және сол кездегі Қарқаралы мен Семейдегі зиялы озық ойлы арыстарымызбен Нарманбет қоян-қолтық араласып, олармен арман-мүддесі бір болған. Оның үстіне мына бір тың дерек біздің ойымызды бекіте түскендей. Нарманбет қайтыс болғанда оның сүйегін еліне апаруға қатысқан, осы бертінде ғана өмірден өткен Намазбайдың Аманбайы деген азамат. "...Нарманбеттің сүйегін Жақып Ақбаевтың атақты көк аттары жегілген көк арбасымен еліне қарай алып өткен екен". Ал келер жылы ақынның асын Жалаңаштың бойында Жақыптың өзі басқарып өткізеді. Сол сияқты ақын зиратына қойылған құлыптасты Әлиханның інісі Смахан Бөкейханов қойып, естелік жазды. Бұл көрсетілген деректердің бәрі Әлімхан, Жақып, Әлихан және Нарманбеттің еркіндік, тәуелсіздік жолындағы мақсат-мүддлері біртұтас тұлға болғандығын көрсетсе керек.

Ойды ой туғызады. Нарманбет өміріне бұлайша тоқталу тағы бір көкейдегі пікірді қозғап отыр. Ол—ақын атын иеленген ауыл жайлы. Бұрынғы XXII партсъезд атындағы кеңшарды ақынның атымен атау жөніндегі үйғарым бойынша 1992 жылы бекітілген еді. Бірақ содан бері он жылдан астам уақыт өтсе де алақандай ауылды Жаңаорталық, Ескіорталық деген мағынасы жоқ бір атаумен атап жүрміз. Мөр, штамп дегендер Жаңаорталық деп құжаттарға нығарлап басып беріледі. Аудан әкімшілігі мен аудандық Мәслихат осыған дұрыс мән берсе дейміз.

**Айтмағанбет Құсайынов,**<br>
**соғыс және еңбек ардагері,**<br>
**КСРО және Қазақ ССР оқу-ағарту ісінің үздігі, жоғары категориялы карт ұстаз.**

---



*Страницы истории*

## НАРМАНБЕТ ОРМАНБЕТОВ: ПОЭТ, НАРОДНЫЙ СУДЬЯ, РУДОЗНАТЕЦ...



Нарманбет Орманбетов (1859-1919) - несправедливо забытый самобытный поэт, патриот, восторгавшийся природой Сары-Арки и свободолюбивым духом ее народа. В 1916 году, после опубликования царского указа о привлечении казахов на тыловые работы, Н.Орманбетов, выражая мнение жителей Сары-Арки, так откликнулся на это событие:

*Жигиты добрые, теперь мы превратились вдруг в рабов.*<br>
*А наши сыновья - в сирот, а жены милые - во вдов.*<br>
*Сердца от горя запеклись, терпеть обиду нет сил.*<br>
*«Куда ушел мой сын?» - страшней от матери не слышал слов.*<br>
*«Куда ушел мой сын?» - в ночи я слышу горькие слова.*<br>
*Украдкой плачет от жены отец-старик. И как сова,*<br>
*Ночь напролет глаз не сомкнет печальная сноха-вдова.*<br>
*Когда же бог к нам снизойдет и навестит наш бедный кров?*

Русским любителям поэзии имя Н.Орманбетова почти неизвестно. В 1978 году в сборнике «Поэты Казахстана» впервые появились два его стихотворения в переводе В.Цыбина.

Биография поэта на сегодняшний день не написана. На русском языке опубликованы лишь отрывочные сведения из жизни представителя поэтической культуры казахского народа.

Нарманбет Орманбетов родился в 1859 году в урочище Сага в ауле №3 Балхашской волости Каркаралинского уезда. Отец Нарманбета был достаточно обеспеченным человеком, и первоначальное образование сын получил в своем ауле, обучаясь у приглашенного отцом муллы. В 1873 году Нарманбет поступил в Каркаралинске в русскую школу, в которой проучился год. После годичного курса в школе Нарманбет Орманбетов жил в Каркаралинске и брал частные уроки русского языка.

Стихи Нарманбет Орманбетов писал с 14-ти лет. От любовных, лирических стихов он переходит к гражданским темам, откликаясь на значительные события в жизни Степи. Знакомство с Абаем, его творчеством подтолкнуло Нарманбета по-новому взглянуть на гражданские позиции поэта. Орманбетов высказывает свою точку зрения на политику власти, проявляет заботу об образовании молодежи, интересуется назначением волостных управителей.

Отец поэта, Орманбет Байджомартов, занимал важные посты в Каркаралинской уездной администрации. Нарманбет следовал традициям семьи, принимая активное участие в общественной жизни; он неоднократно избирался в состав различных представительных органов, комиссий и съездов.

Впервые называю и ввожу в научный оборот факты из административно-общественной и политической деятельности Нарманбета Орманбетова.

В Балхашской волости Н. Орманбетов неоднократно избирался бием (народным судьей) аула№ 3 на 3-летний цикл - с 1884 по 1887 годы, с 1888 по 1890 годы, с 1898 по 1900 годы и с 1901 по 1903 годы. С 1895 по 1897 годы исполнял обязанности заместителя волостного управителя; в 1890-1892, 1908-1910 и 1911-1913 годах Н. Орманбетов был волостным управителем.

Под началом Н. Орманбетова состояли известные в народе прибалхашские бии конца X1X - начала XX века - Тлеш Тумабаев, Оспан Алданазаров, Ахмет Кубултаев, Атыгул Бертысов, Домбай Кожажанов, Шугайпбек Ахметов и другие. По приказу Степного Генерал-Губернатора Г.А.Колпаковского от 6 января 1885 года Н. Орманбетов «за усердную службу» награжден Похвальным листом. Около десяти лет поэт входил в число присяжных заседателей по Каркаралинскому уезду. В 1907 году Н. Орманбетов утверждается выборщиком от волостей Каркаралинского уезда в Семипалатинское избирательное собрание по избранию члена Государственной Думы от казахского населения Семипалатинской области. Указан возраст Орманбетова - 47 лет.

В июле 1905 года на Кояндинской ярмарке Н. Орманбетов вместе с другими биями подписал петицию на Высочайшее имя. В петиции зафиксированы требования допустить представителей от 6-миллионного казахского народа для участия в работе Земского собора.

Много полезного дала поисковая работа в Карагандинском областном архиве. Возможно, это единственное место, где сохранились автографы Н. Орманбетова. Почерк поэта четкий и легко читаемый.

Как известно, после Февральской революции 1917 года Временное правительство формировало уездные органы власти. В Семипалатинске 5 марта 1917 года организован Областной исполнительный комитет общественных организаций и армий. На следующий день и в Каркаралинске на учредительном собрании сформирован уездный комитет, в который представители 23 волостей уезда делегировали уполномоченных. От Балхашской волости ими стали Нарманбет Орманбетов и Шугайпбек Ахметов. Н.Орманбетов присутствовал на этом собрании, о чем свидетельствует его подпись в явочном листке. Вероятно, он участвовал в работе и других органов. Следует упомянуть, что я обнаружил его подписи еще в ряде документов, в том числе в протоколах объединенного исполнительного комитета от 9, 10, 11 марта. В архиве сохранился документ от 16 марта 1917 года.

*..Мы, представители киргиз Каркаралинского уезда, ввиду серьезности переживаемого момента, необходимости в выработке законопроектов для киргиз, для сношения с местными и областными комитетами, постановили:*

*1. Образовать Каркаралинский уездный киргизский комитет.*

*2. Просить Семипалатинский областной киргизский комитет о высылке выработанного им Устава.*

*3. В члены комитета принимать всех без различия национальности, религии и расы.*

*4. Установить членский взнос не менее 5 рублей.*

*5. Об образовании комитета оповестить население уезда.*

*6. Копию с постановления об образовании Киргизского комитета отослать для сведения в Каркаралинское городское управление.*

*7. Из членов комитета образовать Совет, а из членов Совета - Президиум.*

Членом Совета от населения Балхашской волости был избран Нарманбет Орманбетов.

Председателем Совета стал Жакып Акбаев, вице-председателями - Нарманбет Орманбетов и Рахимбай Сапаков, секретарем Совета - Смаил Байтеиев, помощником секретаря - Ахмет Бектыбаев.

Перечислю членов Президиума: Нарымбек Бодуков, Амантай Адамбаев, Толеу Азимбаев, Хасен Акаев, Хасен Даиров, Сыдык Туткучев, Сыпатай Раимбеков, Садвокас Мынгырбаев, Шайкен Карымсаков, Мукажан Баиров, Джакей Сартов, Аманбай Чепиров, Смагул Бекпауов, Нигмет Нурмаков. Казначеем назначен Смакан Букейханов.

Первый протокол заседания членов Президиума Каркаралинского уездного киргизского комитета подписал Жакып Акбаев. В других протоколах (сохранились они не все) стоит имя Нарманбета Орманбетова. Приведу протокол № 13 от 31 марта I5 года.

*Крестьянскому начальнику переселенческих участков Каркаралинского уезда комиссару Н.И.Вайсеру.*

*Каркаралинский уездный киргизский комитет постановил:*

*- назначить выборы должностных лиц Темиршинской волости 18 апреля при волостном доме на урочище Казангап;*

*- сообщить в Каркаралинский уездный объединенный комитет, что вульных старшин, их кандидатов и волостных выборных не выбирает волостной управитель.*

*Сообщая изложенное мнение комитета, прошу Вас привести постановление в исполнение и о последующем сообщить мне для доклада.*

*Председатель комитета*<br>
*Н.Орманбет*<br>
*За секретаря С. Бекпауов*

В общей сложности, в исторических справках имя Н.Орманбетова упоминается около 20 раз, 10 раз зафиксирована его собственноручная подпись.

Нарманбет Орманбетов открылся мне и как следопыт, знаток горных богатств Северного Прибалхашья. По примеру русских купцов - горнопромышленников С.А.Попова и А.И.Дерова - им сделаны официальные заявки на разведку полезных ископаемых.

Газета «Семипалатинские областные ведомости» от 5 июля 1903 года сообщает :«Томское Горное Управление объявляет во всеобщее сведение, что нижепоименованные местности, представленные киргизам Орманбету и Нарманбету Байджомартовым Омским «Управлением Государственных имуществ для разведок месторождения полезных ископаемых, со дня настоящей публикации становятся свободными для новых заявок и разведок с 1 сентября 1901 года за номером 7364».

Текст нуждается в комментариях. По законам об эксплуатации недр в Российской Империи горнопромышленник имел право владеть заявленным им месторождением без ведения горных работ в течение 5-ти лет. После окончания этого срока стать арендатором освободившейся местности мог любой другой заявитель. В газете идет речь о залежах серебросвинцовых руд в урочище Кызылжал Балхашской волости. Месторождение находилось в 300 километрах к югу от Каркаралинска, ориентирами на местности служили: на западе - в 4-х верстах могила Каугабая, на севере - в 5-ти верстах сопка Борлы, на востоке - в 8-ми верстах россыпь камней Койтас, на юге - в одной версте приметная гора Кокшетюбе.

Еще одно сообщение получили отец и сын в это же время - об утрате прав на разведку месторождения каменного угля в том же урочище Кызылжал.

3 октября 1903 года Нарманбет Орманбетов снова обращается в Томское Горное управление за разрешением провести разведку месторождения серебросвинцовых руд, «на летних кочевках киргиз Балхашской волости». В заявке Н. Орманбетова указаны ориентиры на местности: гора Бектауата на север в 20-ти верстах, колодец Шийликудук на восток в одной версте.

Останавливаясь с особым тщанием на описании заявок «горнопромышленника Нарманбета Орманбетова», надеюсь, что эту историю прочтет специалист-геолог и проверит практическую ценность названных месторождений.

Хочу назвать фамилии других жителей Степи, хорошо знавших полезные ископаемые своего края. В Акчатауской волости специалистом считался Курман Адегин, в Шубартауской - Казангап Досанов, в Аксаринской - Уали Ачикеев, Моинтинской - Карсыбек Калмамбетов, в Беркаринской - Алиакбар Сутюшев. Около полусотни заявок сделала в Томское Горное Управление купеческая семья татар Бекметьевых из Каркаралинска.

Еще один любопытный штрих из хроники прибалхашских событий. В 1877 - 1879 годах по всей обширной Российской империи шел сбор средств на создание морского добровольческого флота. В качестве пожертвований поступали и деньги, и скот. Волостной управитель Балхашской волости Орманбет Байджомартов передал 25 рублей, это был самый крупный взнос среди казахского и русского населения Каркаралинского уезда. Орманбета поддержали сородичи - от его заместителя Байгозы Табылтаева поступили 15 рублей, от бия Тлеша Тумабаева - 17 рублей, от вульных старшин Нарманбета Орманбетова и Кульмаганбета Байджомартова - по 5 рублей.

Поэтическое творчество никогда не оставляло Н. Орманбетова, сопровождая его в различных жизненных занятиях. Накануне революционных событий поэт писал о милых его сердцу краях:..

*Сары-Арка, Сары-Арка, на свете места лучше нет!*<br>
*О, как прохладный ветерок повеял сладко мне вослед.*<br>
*Вершины вытянулись в цепь, бегут вершины через степь.*<br>
*О край озерный, край речной, любимый мною с детских лет.*

О последних днях жизни Нарманбета Орманбетова некоторые источники утверждают, что он умер в Каркаралинске в 1919 году, будучи мировым судьей и занимая должность председателя суда. Бытуют слухи, что он был отравлен недругами.

А вот что рассказал мне в Караганде Каирбек Садвокасов:

- Я много лет работал в Актогайском районе. Неразгаданная канва жизни Нарманбета запала в душу. Судите сами. Поэт имел два рукописных сборника стихов. Один из них пропал еще при жизни Орманбетова, второй после его смерти пошел по рукам, обрастая дополнениями и переделками. Пока неизвестно ни одно изображение этого самородка Сары-Арки, даже фотография не нашлась. Она где-то лежит, ждет своего часа, но где? Возможно, и найдется, но я предпринял такую попытку. Дотошно опросил людей, помнящих Нарманбета, и создал его словесный портрет. Нарманбет был зеленоглазый, широкоскулый, прямой нос, кудрявая борода. Мое воображение подсказало недостающие черты лица поэта. Как-то сел и сам (я рисую) сделал набросок, потом второй, третий... Буду рад, если кто-то пойдет дальше и откроет нам фотографический облик поэта.

Присоединяюсь к словам Каирбека Садвокасова и надеюсь, что скоро будут известны новые факты биографии и творчества поэта Сары-Арки - Нарманбета Орманбетова.

***Ю.ПОПОВ,***<br>
***краевед,***<br>
***г. Санкт-Петербург.***

# “Сарыарқа ақсақалдары ” атты мақала



•Таным

# САРЫАРҚА АҚСАҚАЛДАРЫ

## XIX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ ӘКІМШІЛІК РЕФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕГІ БИЛІКТІҢ ТӨМЕНГІ БУЫНДАРЫ

1867 жылы шілденің 11-інде II Александр патша «Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы ережені», 1868 жылы қазанның 21-інде «Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы уақытша ережені» бекітті.

Қ. ӨСКЕМБАЕВ,
тарих ғылымдарының
кандидаты.
ҚАРАҒАНДЫ қаласы.

# Қайта туған жұлдыз



16 ЖЕЛТОҚСАН 1989 ЖЫЛ — 3 — «АРҚА ЕҢБЕКЕРІ»

● Ауданымыздың 60 жылдығы қарсаңында

## Қайта туған жұлдыз...

● ЕЛІМІЗДІҢ АЗАМАТЫН, ЖЕРІМІЗДІҢ ТАРИХЫН БІЛЕЙІК

**Тақауда аудан халқы үлкен бір қуанышқа кенелді. Бүған дейін «ақтаңдықтар» қатарында есімін абайлап айтып, әруағына жасырын бас иіп келген жерлесіміз, өз заманының атақты сөз зергері Нарманбет Орманбетовтің есімі халқына ұзақ жылдардан кейін қайтып оралды. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды деген осы. Бұл қуанышты хабар «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30-40-шы жылдар кезеңі мен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі» Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысында айшықталды.**

**Осы кезеңдерде XVII, XVIII, XIX ғасырдағы және XX ғасырдың басында қазақтың ауызша поэзиясының ірі өкілдері Бұхар жырау, Базар жырау, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қарашев, Нарманбет Орманбетов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәшһүр Жүсіп Көбеевтердің творчестволық мұралары зілді де, дәлелсіз түрде теріске шығарылды. Олардың шығармалары феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің комиссиясы жеке басқа табыну кезеңіндегі мұндай дүмшелік пен қабылданған партиялық документтердің күшін жоюды қажет деп тапты.**

**Қазақ халқының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген ағартушы-демократтық бағытта шығарма жазғандардың бірі Нарманбет Орманбетов. Нарманбет 1859 жылы қазіргі Ақтоғай ауданында Тоқырауын өзенінің бойында туып, 1918 жылы 16 августа дүние салған. Нарманбеттің зираты қазір XXII партсъезд атындағы совхоздың Тоқырауын өзенінің Балқашқа құяр ағысындағы Саға деген жерде. Ал ақынның негізгі тұрағы қазіргі Қызылтас—Тоқырауын өзенінің бойы болған. Нарманбет жеті атасынан қолынан билік кетпеген, байлығымен емес, шешен, әділ билігімен аузына ел қаратқан тұқымның ұрпағы. Нарманбеттің бүгінде осы өңірде ұрпағы көп. Жалпы Нарекең өткен аға-ұрпақтың ішіндегі халқымызға есімі ортақ абзал жандардың бірі. Нарекеңнің көптеген шығармалары халық аузында ел есінде сақталған. Оның біразы орталық баспадан да жарық көрді.**

**Бүгін газетімізде Нарманбет Орманбетовтың өмірі мен ақындық жолын, ағарту[illegible] жүрген қазақ орта мектебінің мұғалімі Амангелді Туғанбаевтың «Қайта туған жұлдыз» атты мақаласын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.**

# “Ақтоғайдың төртінші арысы” атты мақала



МИРАС

## АҚТОҒАЙДЫҢ төртінші арысы

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жүрегіндей Қарағанды облысы осынау қойнауы кеңге, үсті жайқалған егін, мыңғырған төрт түлікке толы ұлан-байтақ жерден Қаздауысты Қазыбектей көсем де шешен, Бұқар жырау, Ағыбайдай батыр, Шортанбай, Әсет, Нарманбеттей ақын, Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаевтай арыстар шыққан. Соның ішінде туған халқын, жерін жанындай сүйген, оның еркіндігі мен тәуелсіздігін аңсап армандаған, Ұлы Абайдың сарқылмас ақындық мөлдір бұлағынан сусындаған ақын Нарманбет Орманбетұлы жайында сөз етпекпіз.

Нарманбет Орманбетұлы 1860 жылы қыста (сол кездегі Семей облысы Қарқаралы уезі) қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында 1991 жылдан бері ақынның өз атын иеленген Нарманбет ауылының Тоқырауын және Құсақ өзендерінің түйіскен Балқаш көліне тақау «Саға» деп аталатын жерде дүниеге келген. Осы жер ақынның ата қонысы, қыс қыстайтын қыстауы және ақынның өзі және туған-туыстары жерленген күмбезді зираты осында. 1918 жылы ақын Қарқаралы қаласында қайтыс болды. Нарманбет ақынның шығармашылығы ұзақ жылдар бойында партияның солақай саясатының салдарынан оқырмандарынан қол үзіп, тас қамауда ұсталды. Тек Республикамыз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ақынның атын дұрыс атап, шығармаларын жарыққа шығаруға мүмкіндік туды.

Нарманбет Орманбетұлының шығармашылығын алғаш зерттеушілер көп уақытқа дейін қарама-қарсы ескі бағытта болды. Пікір білдірушілердің көбі ақын мұрасына жаңашырлық сипаттағы бағыт ұстанса, екіншілері зар заман, сұм заман деп зарлап өткен, Ресей мен қазақ елінің достығын түсінбеген кертартпа ақын деп бағалады.

Нарманбет ақынның шығармашылық өнерін зейін қоя зерттеп, адал да әділ бағалағандар: Ғайниден Мұсабаев, Бейсенбай Кенжебаев, жерлесіміз Әбдіраш Көпбаев, Садық Қасиманов, Шәміл Құрманов, Рысбек Сарғожин және Мұхтар Мағауин.

Нарманбеттің ақындығына баршадан бұрын заманымыздың дана да заңғар биік ғұлама ғалымы Мұхтар Омарханұлы Әуезов: «Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, ... болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің жазған сөздеріндегі бетті, белгілі сарынды есепке алу керек. Ол дәуірдің адамдары жазба әдебиеттің басы екені даусыз» деп баға берді.

Ал Қазақ КСР Ғылым академиясының, мүше-корреспонденті Ысқақ Дүйсенбаевтың қазақ әдебиеті тарихының II томы, 2 кітабының «XX-ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» деп аталатын тарауында: «Нарманбет ақынның бүкіл творчествосын, алып қарасақ оның ескілік шырмауынан шыға алмағанын, «зар заман», «сұм заман», «кер заман» деп зарлап өткенін, Россия мен қазақ елінің достық қатынасын түсінгісі келмегенін, өткендегі байшыл-феодалшыл ақындардың өресінде қалғанын көреміз», — деп оқырман жүрегіне семсер сілтегендей, ақиқаттан алыс, асығыс қорытынды жасады. Бұл ғалымның Нарманбет шығармашылығына осындай ағат пікір айтуы оның еркінен тыс жағдай, сол кездегі партиялық саясаттың салдары деген де арашашы түйіндер айтылды.

Қай ақын болмасын өз заманын жырлайтынын еске алсақ, көзі ашық, көкірегі ояу Нарманбет ақын патшалық Россияның отарлау саясатын ақиқат көзі көріп, жүрегі сезіп отырып оның болашағымызға қандай зардабы барын түсініп, біліп отырып неге зарламасқа? Сайынан саяқ құрлы сая таппай Мәди зарламады ма? Шәкәрім Құдайбердиев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Ақбаев Жақыптар зарламады ма? Қай қазақ жыламады, қай қазақ зарламады? Нарманбет ақынның «Кер заман» поэмасын алайықшы:

Ағайын ала,
Қолда шала,
Тұтап жана,
Ұрлық-зорлық
Аққа жала.

Мұнда ел ішіндегі береке бірлігі жоқ, алауыздық, өтірік, өсек пен арыз айдап, лаң салып, тыныштық шырқын бұзып, әлдінің әлсізді ықтырып, қуғын-сүргінге ұшыратып, ... дың аузына жем болып түскен мүшкіл халдерін ақын жеріне жеткізе суреттеп сынайды.

Сондай кер заманнан шошуымыздың мәнісі бар екен. Ендеше Нарманбет ақынның адал сөзіне күйе жағып даттауымыздың жөні жоқ. Нарманбет ақын кер заман дегенде совет өкіметін жамандаған жоқ, қайта ол патшаның тақтан түскен күніне: «Тілекті хақтың берген күн» деген өлеңін арнады.

Нарманбеттің Қарағандыдағы «Болашақ» баспасынан шыққан шығармалар жинағын оқи отырып: «болмасаң да ұқсап бақ» деген Абай ағасының өсиетін бұлжытпай жүзеге асырғанына анық көзіміз жетеді. Өлеңдерінің тақырыптары да, мазмұны да Абайдың : «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деген шартына сай келеді, эстетикалық деңгейі жоғары, өзіндік лирикалық иірімі мол, сыншыл реализм рухында жазылған, таудан аққан мөлдір бұлақтай төгілген жырлар еріксіз баурайды. Бұған мысалға «Сарыарқа» өлеңін алайықшы.

Сарыарқа сарқыраған суың
қайда?
Түнде шық, күндіз мұнар буың
қайда?
Нажағай шарт-шұрт етіп, нөсер
құйған,
Көк жасыл кемпір-қосақ туың
қайда? — деп ақын Сарыарқасын, туған өлкесін патриоттық ықылас ынтамен, зор сүйіспеншілікпен, асқан сағынышпен тебірене жырлайды, оның эстетикалық бояуын табиғат құбылыстарының өзімен зергерлеп көмкереді. Бұл Ұлы Абайдың «Жаз» өлеңімен мағыналас.

Жазды күн шілде болғанда,
Көкорай шалғын бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда.

1991 жылы қаңтар айында «Қарқаралы» журналына жерлесіміз журналист–ғалым Рамазан Сағымбекұлы ақын Нарманбет Орманбетұлы жайында «Қайта жанған жұлдыз» атты көлемді тарихи мақала жариялап, оның ақындығына: «Абайдан кейінгі кезеңнің Абайы, сол Абайдың өзінен ... ғылыми қорытынды жасады.

Осы «Қайта жанған жұлдыз» мақаласында Нарманбет ақынның азаматтық өресін, қоғамдағы іс-әрекетін, саяси арнасын, бағыт-бағдарын көрсететін көптеген толымды деректер бар.

Нарманбет Орманбетұлы Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев және сол кездегі Қарқаралы мен Семейдегі зиялы, озық ойлы арыстарымызбен қоян-қолтық араласқан, бұлардың көксеген армандары теңдік пен тәуелсіздік болғандықтан арман-мүддесі бір адамдар болған. Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев және Нарманбет бөліп айтары жоқ тұтас бір-ақ тұлғалар. Оның үстіне мына бір деректер осы ойымызды бекіте түседі. Осы бертінде ғана қайтыс болған, елдің бүгінгі адамдары жақсы білетін Намазбайдың Аманбайы деген азаматтың айтуынша Нарманбеттің сүйегін Жақып Ақбаевтың атақты көкаттары жегілген, соның көк арбасымен елге қарай алып кеткен. Нарманбетті жоқтау жырында:

Жақып мырза зарлады,
Кеттің бе деп қолбасы.
Ашуымды жоғалтқан,
Ақылымды молайтқан
Бөлек еді формасы, — деген жолдары бар.

Келер жылы ақынның асын Жалаңаштың бойында Жақыптың өзі басқарып өткізеді. Сол сияқты Нарманбеттің зиратына қойылған құлпытасты Әлиханның інісі Смахан Бөкейханов қойып, естелік жазған.

Бұл деректердің бәрі Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Нарманбет Орманбетовтердің мақсат-мүдделері еркіндік пен тәуелсіздік ғана болған, біртұтас тұлға екендігін көрсетеді. Ендеше арыстарымызды бірінен бірін бөлмей қарастырған жөн. Ақтоғай үш арыстың отаны ғана емес, бақсақ арыстарымыз төртеу екен.

Енді 1991 жылы Нарманбет ақынның атын иеленген Нарманбет аулы жайында бір-екі ауыз сөз. Жеріміздің географиялық атаулары онша өзгере қойған жоқ. Бірақ ауыл-аймақтың аттары сан өзгерді. Қазан төңкерісіне дейін ауыл әр рудың ... Ахметбай ауылы, Бөртебай ауылы.

Қазан төңкерісінен кейін ауыл санмен аталды. Мысалы: Тоқырауын, Құсақ, Балқаш өңіріндегі екі болыс тобықты 10 ауылға нөмірленді. Мысалы: 3-ауыл (тоқалдар), 5-ауыл ақсарылар, 6-ауыл шомақтар, 7-ауыл оразайлар, 8-ауыл шуекең, 9-ауыл құланшы шақа, 10-ауыл ақсақтар.

Бұдан кейін Қазан төңкерісінің көрнекі өкілдері және көсемдерінің аттары беріледі. Мысалы: Қаратал өзенінің бойындағы құланшы шақаға Чапаев, Қаратaлдағы ақсақтарға Калинин, Түлкілідегі Балтабай мамансалпық Жамбыл, жетім Шоқыдағы қожағұлдарға Каганович, Қарақұладағы қожағұлдарға Ленин, ал Қарабұлақтағы ақсарылар Қызылту, Сталин, Кіндіктідегілер 8-март, Қарасудағылар 1-май деп аталды. Соғыстан бұрын Ақтоғайда осындай 35 колхоз болды. Кейін колхоз іріленгенде Қызылту, Сталин, 8-март, 1-май колхоздары Сталин колхозы деп аталды. Кейін жеке басқа табыну әшкереленгеннен кейін XXII партия съезі деп аталып келді. 1991 жылы Ұлы ақынымыз Нарманбет Орманбетұлының туғанына 130 жыл толуына сәйкес 4 облыс Ақтоғай, Тоқырауын аудандарының халқы қатысып, тойда XXII партсъезд атындағы совхозды Нарманбет атымен атау ұйғарылған еді. Ол Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1992 жылғы №593 қаулысымен бекітілген. Бірақ содан бері 10 жылдан астам уақыт өтсе де Нарманбет ақынның атына тіліміз келмей-ақ қойды. Алақандай ауылды Жаңа орталық, Ескі орталық деген мағынасы жоқ бір атаулармен атап жүрміз. Тек қана Балқаш қаласындағы Римма Ивановна Пухальскаяның жекеменшік автокөлік бекетінің диспетчері Елена Михайловна Озерованың күн сайын сағат кешкі 5.30-да қазақша–орысша микрофоннан Нарманбет ауылына жүретін қолында билеті бар жолаушылардың автобусқа келуін өтінген дауысы саңқылдап шығады. Бұдан басқа Нарманбет есімін ешкім аузына алмайды. Бұрынғы Тоқырауын ауданының тарап кеткен әкімшілігі қалған елдің атауын не қылсын. Қайта қосылған Ақтоғай ауданы да елең қылар емес. Ауыл әкімі де басын ауыртқысы келмейді. Мөр, штамп дегендер «Жаңа орталық» болып жасалған.

Ауылдың үй саны да жаны да азайды, небары 252 отбасы, онда барлығы 1190 жан бар. Жаңадан салынған 624 балалық мектепте 222 ғана бала оқиды. Ескі орталықтағы мектепте 56 оқушы. Бұл шаруаны аудан әкімдігі мен аудандық мәслихат ескеріп, облыстық ономастикалық комиссияға жолдап, толыққанды Нарманбет ауылы атанса дейміз.

Қорыта келгенде, ұлы ағартушы, ойшыл, күрескер, Абайдың мирас қоры, Абайдан кейінгі кезеңнің Абайы, арқалы ақиық ақын Нарманбет Орманбетұлын танып-біліп, оның тарихтағы орнын дәл белгілеп, арыстарымызбен қауыштырғанымыз жөн. Нарманбет Орманбетұлының ... тап жинап, оны жарыққа шығаруға көп еңбек сіңірген бауырымыз Аманкелді Нөкербайұлы Туғанбаевқа және Қарағандыдағы маңызды білім беретін «Болашақ» институтының ректоры Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбековке оқырман қауым атынан мың да бір алғысымызды айтамыз.

**Айтмағанбет ҚҰСАЙЫНОВ,**
**соғыс және еңбек ардагері,**
**Қазақ ССР оқу ағарту ісінің үздігі, жоғары категориялы ұстаз.**
БАЛҚАШ қаласы.

# Ақиқатты жыр еткен алмас ақын

Нарманбет Орманбетұлының туғанына — 130 жыл

## АҚИҚАТТЫ ЖЫР ЕТКЕН АЛМАС АҚЫН

Әдебиет дүниесіне өткен ғасырдың 70-ші жылдарының бас кезінде арадаса бастаған Нарманбет шығармаларына байыптап қарасақ, оның өлеңдерінен өз заманындағы қайшылықтарды, қоғамдық сана, ой-пікірлердің өсу жолдарын қазақ әдебиетінің даму өзгешеліктерін ұғуға болады. Өйткені ақын XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың бас кезіне дейін созылған дәуірдегі шытырман, қым-қиғашы мол, қоғамдық өмірдің, әлеуметтік топтар мен таптардың күрес-тартысының куәгері. Осы оқиғаларды бастан өткерген адам. Сондықтан да ол өзі өмір сүрген ортаның өзгешеліктері мен нақты шындығын оқырман қауым әлі танып-түсіне қоймаған сап алтындай классикалық туындыларына арқау етті. Шығармаларының тақырыбы мен идеялық мұраты — махаббат, жастық сезімдер, халықты оқу-білімге, өнер іздеп, адал еңбек етуге арнаған.

Ақындық әлемінің шыңы болып саналатын елге, туған жерге деген махаббатын дәлелдейтін, азаматтық деңгейін танытып, қоғам қайраткерлігін айқындайтын туындылары саяси тақырыпқа арналған лирикалары екені анық. Осы өлеңдері үшін ақынның бағы байланды. «Зар заманды», «Сұм заманды» жоқтаушы деп танылды. Ойшыл ақын бұл циклдегі өлеңдерін XVIII ғасырдағы (Қараменде заманынан басталған) патшалық отарлаудың «мысықтабандап» еніп, XX ғасырдың алғашқы онжылдығында «толық қуатымен» жүзеге асқанын әшкерелей отырып, ел азаматтарын намыс байрағын көтеруге шақырды. Оқырман қауым мұны жариялылық лебі арқылы ғана танып, түсінуге мүмкіндік алды.

XX ғасыр қазақ даласына ұлы жаңалықтар ала келді. 1905 жылғы орыс революциясы қазақ қоғамын ілгері бастырып, ой-санасын оятуда ерекше роль атқарды. Өйткені бұл қозғалыстың шарпуы алыстағы мәдениеті мен экономикасы төмен қазақ даласына жетіп бұқара-көпшілікке өнер-білімін, пайдалылығын таныта бастады. Қоғамда болып жатқан осы өзгеріс, соны жаңалықтарға Нарманбет те араласып, өзінше үн қосты. Халықты ояту сарынымен айтқан «Сарыарқаға қарасақ» деген қысқа өлеңінде «балаларды оқытып, өнер жолын қууға талпыныс жасайық, ұйқыдан оянатын мезгіліміз жетті» — деп қорытады.

«...Балаларды оқытып,
Көңіліне өнер тоқытып,
Талап қылып сынайық!
Адал ниет, ақ кәсіп,
Үйде отырып, қорланбай,
Ашық тұр ғой кең есік
Кіріп қаққа жылайық!
Қаршыға аңдып қоянды,
О да шошып оянды,
Талап етер күн туды,
Кел, ұйқыдан тұрайық!

Ақын шығармаларында басты және мол жырланған тақырып — оқу-өнер. Өнер — ғылымды меңгерудің басы, жас баланы оқыту, тәрбиелеуден басталатындығын ашып көрсетеді. Оқу — өнер туралы «Балалық күйі», «Бала қайдан?», «Білім туралы», «Жастарға» атты бірнеше өлеңдер жазды. Бұл шығармаларында қазақ балаларының жас ғұмыры қалай өткені, шала оқуды. Ол өзінің шыншыл да өткір поэзиясын сол қиыншылықтарды шешу мақсатына арнады. Сол арқылы қоғамдық дамуды жетілдіруді көздеді. Туған халқына болашаққа қарай жөн сілтеуді арман етті. Мұны өзінің ақындық, азаматтық борышы деп түсінді. Ағартушылық бағытты тұтынды. Қоғамдағы әділетсіздікті батыл сынады, оны түзету үшін күресті. Кемшілікті көрсете отырып, жақсыдан үйренуге шақырды. Революцияға дейінгі дәуірде арын, адамдығын, байлығын сатып биліккe таласқан, сөйтіп ел берекесін қашырып, партиягершілікке салынған, бектікке қызық сол арман төңірегінен әрі аса алмай шатылып, бірін-бірі аңду, арбау, бір күндік қызық үшін арын сатып өнерден мақұрым қалғанын, өнерге жеткізер оқу жолын іздеуден бойларын аулақ ұстап жүргенін 1905 жылы жазған «Қазақ елі біз тұрмыз» деген өлеңінде тағы да пысықтап өтеді.

«Қазақ елі біз тұрмыз,
Үлгі-өнерден дым тұрмыз,
Сауында бар, санда жоқ,
Надандықты емдеткен,
Қисық жолды жөндеткен,
Тым болмаса қам да жоқ..
Артта қалған өрнек жоқ,
Көруге барсақ ермек жоқ,
Жарық сәуле шам да жоқ,
Азбандай дуға ілестік,

мен қисық тәрбиенің бала өміріне қаншалықты зиянды әсер ететінін терең суреттейді. Халықтың мешеулігі мен қараңғылығы, оқу-білімнен шет қалып, өнер жолын қуа алмағандықтан деп түсінген Нарманбет өзі дін жолын ұстаған пірәдар атанса да, оқу-білім жолына бөгет болған дүмшелікті қатты сынайды.

Әке іздеп бір молланы
алып келді.
«Құтты қыл» деп
құдайға налып келді.
«Екі-ақ айда балаңыз
хат таныр» — деп,
Аңқау шал арамзаға
нанып келді.
«Әліп-би» деп жарты ай
жүрдік оқи алмай,
Көңілге молла сөзін
тоқи алмай,—

деп дүмшеліктің мағынасыздығымен қатар қожа-моллалардың өтірікші, күлкынқұмарлығын ашып көрсетеді. Дүмшеліктің осындай машақатын көрсете отырып, балаға шын ғылым мен өнерді надан молдадан емес, оқымысты адамнан үйрену керек дейді. Ақынның 1900 жылғы жазған «Бала қайдан?» дейтін өлеңінде нәрестенің ана құрсағында дамып өсу кезеңінен бастап, жарық дүниеге келуі, ер жетіп өсу жолы баяндалады. Соңғы түйінінде баланың жақсы адам болып ержетуі халқының панасы, азаматы болуы оқу-іздenуге, өнер қууға байланысты деп ата-ананың мойнына жауапты міндет жүктейді.

Бұл бала, бүгін-бала,
ертең бала
Оқымаса көңіліне бітпес
сана,
Адам туған баласын
надан қылып,
Ата-анасы болмасын
жүзіқара.

Нарманбет қазақ қоғамының тарихи-әлеуметтік қайшылықтары шиеленісіп, дами бастаған кезде қызмет жасаған өз тұстастарын ақын «Әділеттік азайды» деген өлеңінде былай келтіріп өтеді:

Ел ішінде азғандар,
Партия жасап жауласқан,
Бұқараға көну жоқ,
«Ауыз сөзге сену жоқ».
«Мен сенікі болдым» деп,
Ант пен уәде қылысқан,
Қарап жүріп шабылып,
Аз нәрсеге сатылып,
Мінәпықтар көбейді,
Айтқан серттен жылысқан.
Біреу мен біреу аңдысып,
Мал ұрласып, жандасып,
Көңілден көңіл суысқан.

Осы көріністі ол өзінің ащы ақындық тілімен аяусыз сынады, одан қашудың, құтылудың жолын іздеді. Қараңғылық пен надандықтың бұлты қазақ халқының үстінен қашан айығады? Неге кетпейді? деген сұрауға ақын:

...Ғылымның нұр сәулесі
түспеген соң
Көңілі біздің елдің қара
жатыр,— деп жауап береді.

Ол қоғамдық залалдың барлығын надандықтан көрді, ал надандықтың өзі ынтымақсыз, жалқаулықтың салдарынан деп таныды. Ақын жоғарыда келтірілген «Әділеттік азайды» деген өлеңінде көрініс берген ауыл адамдарының байлықты, бегілікті армандап,

Бұқадай буға сірестік,
Қызық түгіл шаң да жоқ,
— деп жалпы қазақтың мәдениетке талпынудан артта, қараңғы қалып бара жатқанына қатты күйінеді. Сонымен бірге тағы да осы оқу-өнер жолына үндейді. Ол Абай айтқан «Қалың елін, қазағын қайран жұртын» жанымен сүйді, оның жарқын келешегі — жастарына үмітпен қарады. Жастардың келешегіне сәулелі үмітпен қарағанын ақынның «Жастарға» деген өлеңінен толық байқаймыз. Аталған өлеңде жастарға ескерту жасап, ақыл айтады. Оларға ұран тастап, оқу-өнерге шақырады. «Халқымыздың сәуле алатын жарығы болуға тырысайық, ол үшін сегіз қырлы, бір сырлы жігіт болайық, менмендіктен, шуылдаған пайдасыз бос жүрістен қашайық» — деп ол түйеді.

Нарманбет өзінің өскен ортасынан халықтың қамқоры, адал қызметшісі бола алатын жаңа адамды іздейді. Жалпы Адам деген атты қалай ақтау керек екендігіне әркез ой жүгіртеді. Адамдықтан тікелей мағына іздейді. Ақынның жас шағы мен толысып, кемелденген кездегі творчествосына ортақ барлық тұста бірдей көрініп отыратын ұғымы: бейне — шын мәніндегі АДАМ. Ақын адам болып туғаннан кейін осы қасиетті, ұлы атақты атқаруды ең асыл да абзал міндет — борыш деп танып, оны барлық уақытта бірдей қадірлеп, қастерлейді. Ақын адамгершілікті, ар-ұжданды ақтау үмітін өзінің жанын сүйген адамдарына — жастарға артады. Оларды үнемі ізгілікке шақырады. Өнегелі, жақсы істерге баулып түсуді көздейді. Оны ақынның «Құс болсаң, ақылға бай болсаң» және «Жастарға» деген өлеңдерінің мына жолдарынан анық аңғарамыз:

Өзіңнің адамшылық
арын сақтап,
Арман жоқ, кеуіп-сеніп
шаншыр болсаң,
Өлсең де көппен бірге
өлер едің,
Адамдық борышыңды
өтеп, өлген болсаң.

Немесе: ...Тоқтаулы,
ибалы болсаң жігіт,
Құрметтейді халқың сені
дәрежелеп.

Ақынның бұл саладағы пікірі мен ой-түйіні жалпы гуманистік ұғыммен ұштасып жатады. Ақын ұғымынша халыққа қызмет ететін, оның өркендеуіне септігін тигізетін осындай арлы адамдар. Сондықтан да ақын біраз шығармасын сол адамдардың ізгі қасиетін сипаттауға, даралап шығарып беруге арнайды.

Ақын халқының шын ұлы болу үшін тек қана өз басының білімді болуы жеткіліксіз деп қарайды.

«Қасірет — бір үлкен тау» деген өлеңінде:

«...Бауырында бір кені бар,
Ғылым, сабыр —
сары алтын.
Төгіп-төгіп егер білмесең,
Халыққа қалай жарасың;—

деп ғылымды үйренудегі басты мақсат халықтың керегіне жарату, басқаға үйрету деп біледі. Ақын 1905 жылы Қарқаралы қаласында қазақ балалары үшін екі кластық мектеп ашуына қатты қуанады. «Мектеп бастығына» (Ахмет Байтұрсыновқа арнап) деген құттықтау өлең оқиды. Осы жаңалық, құбылыстың өзі ақынға ой салып бір кезде «әжлаһаға» теңеген патша үкіметіне ырзалық сезімін білдіргендей болады:

Үкімет бізді ойлайды —
Түзеліп түрге кірсін деп,
Басқа халық секілді
Өнерлі болып жүрсін деп.
Ғылым, өнер үйреніп,
Жарық сәуле көрсін деп..;

Бұны өнерлі елдің қатарына жетуді көздеген игі мақсатының аз да болса көрініс беріп, жүзеге аса бастауына баспалдақ болған мектептің ашылуына қуанып, шаттанған кездегі ақын ойының бір сәттік көрінісі деп тануымыз керек.

Ақын:
...Жабыменен жарысып,
Надандармен алысып,
Қиналып өтті-ау есіл жас,
— деп әділеттік үшін надандықпен арпалысып, одан құтылудың жолын қарастырады. «Абай сияқты бұл жолда көппен жалғыз алысып» өткен адам екенін аңғартады. [illegible] елінің қапаланып:

[illegible]
жекті соқа,
Боқ иіскеп кетіп қалды
өшшең бұқа
Солармен алысам деп
өкпем өшті,
Қаз табан жүйрік елім
өнім жұқа.

Немесе:
Жайқалған жапырақтай
жас өмірде,
Көріксіз қолмен соқтым
көк темірді.
Жаманат жақын жерден
ұшырасып,
Сұлтандай сүйегімді
ит кемірді.
Шиелі шынжыр арқан
шеше алмадым,
Жылына бір септедім
есе алмадым.
Сотанақ сол қолымда
болғаннан соң
Оң қолым қалтырады кесе
алмадым,— деп айтқан өлеңдері айғақ. Осы жолда ақынның өзі айтқандай «Мең басы тасқа тиген мекіре балық» деп талай рет соққы жеп, жапа шегеді. Маңдайы тасқа тиіп жүрегі жараланады.

Ақынның «Замана» деген өлеңінде ауыл арасындағы пысық, атқамінерлердің сол кездегі іс-әрекеті көрініс тапқан.

Бұл күнде байлар — аяр,
билер — мекер.
Жақсылар ел торыды
жаудан бетер.
Біріккен ықылас пен шын
тілеу жоқ,
Ағайын — ала көңіл,
достар — бекер.
Пысық сол ел ішінде
өсек айтқан,
Батыр сол сабыр сөзді
кесек айтқан.
«Құтылмас байдан пайда»
— дегенді ұстап
Епті сол сараң ұстап есеп
айтқан, — деп ақын өз заманының көзді түрткен сұрықсыз, арам кәсіпті мұра тұтынған көрінісін көкейіне түйіп, поэзия айнасына түсіріп, көрсетіп отыр. Өйткені ақын — ең бірінші өз елінің адал қызметшісі, оның қуаныш күйінішіне ортақ адам. Ол сондықтан да өзінің ортасында болып жатқан оқиғаларға көз жұмып қарап, жайбарақат отыруға тиісті емес. Елінің замана талабына сай әрекет жасап, алға ұмтылуын да, құлдырап кетіп бара жатқанын да қатал сыншы, сақ күзетшідей қарап, тиісінше баға беріп отыруға міндетті.

Қорыта келгенде, Нарманбеттің өз халқының мұңын жоқтаушы, өз ортасында қадірі бар классикалық туындылар қалдырған үлкен дарын екендігін М. Әуезовтің (1922 жылғы) мына пікірінен аңғаруға тиіспіз: «...Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр-Жүсіп, Нарманбеттерді алу керек. Бұл адамдардың кейбірінің Абайдан жас болғандығын есеп қылуға болмайды. Бәрінің жазған сөздеріндегі бетті, белгілі сарынды есепке алу керек. Ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басы екені даусыз»

**Аманкелді ТУҒАНБАЕВ.**
Ақтоғай ауданы.



# Нарманбет қатты қадірлеген



ЕЛ АУЗЫНАН

## Нарманбет қатты қадірлеген

Майқыдан Қойлыбай деген ата тарайды. Сол Қойлыбайдан шыққан Тілеубай шешен адам Ақтоғай ауданындағы қазіргі «Тоқырауын» совхозының орталығы Сарытеректе туып-өскен. Ол заманда кім бай, кім ауқатты — соның сөзі өтеді. Ал Тілеубайға бір сиырдан басқа мал бітпейді. Тек қана өзінің тіршілігімен, еңбегімен күн көрген. Балалары бай адамдарға жалданып, одан еш нәтиже шықпаған соң, егін егіп, Тоқырауын өзенінен талшық тауып күнелткен. Тілеубайды қадірлейтін халық, ол кісінің атын атамай, Титекең деп атайды екен. Ескіше оқыған-тоқығаны мол, зерделі адам болған. Атақты ақын Нарманбет Қарқаралы қаласында болатын болыстардың жиналысына жол шеккенде, қазіргі «Нарманбет» совхозынан шығып Сарытеректегі Титекең үйіне қонады екен.

Бірде Нарекең ояздың Қарқаралыда болатын болыстар жиналысына шақырған қағазын алады. Ауылынан шығып, қонаға Титекең үйіне келеді. Титекеңде жұпыны ғана үй бар. Әңгімелесіп Титекеңнің көжесін ішіп, риза болысып, жатарға келгенде:

—Наржан, ояздың неге шақырғанын білесің бе? — деп сұраса, Нарекең:

— Білмедім, — депті.

—Онда тыңда, ояз барлық 22 болысты жинап, емтихан алады. «Араздық, партия салыстыру, адамдардың бір-бірімен араз болуы қайдан шыққан?» — деп сұрайды, оған не деп жауап бересің, — депті.

—Титеке мұны мен білмеймін, не деп жауап беремін? — деген екен.

Сонда Титекең:

—Адам атадан Абыл, Қабыл — егіз, арқалары жабысып туған. Арқаларын ажыратқанда білмей, қылышпен бөлген екен. Адам баласының араздық, партия салыстыру, бір-біріне қастық жасау сол уақыттан бастап тараған дерсің, — деген екен.

«Титекең айтқанындай, барлық болыстар жиналған соң, ояз өзі отырып осы сұрақты қойғанда, менен басқа біреуі жауап бере алмады. «Орманбетов сонда бұл сұрақтың жауабын өзің біліп айтып отырған жоқсың, еліңде алдын болжайтын, данышпан бір адам бар екен ғой, сол жолығып ақыл берген екен», — деп риза болып, мені сол жолы 22 болыстың үстінен қарайтын «төбе би» сайлады», — деп Нарекең аузынан тастамай айтып отырады екен.

Нарекең ұзақ жол жүріп келгенде алдымен өз үйіне бармай, әкесі Орманбетке барып сәлемдеседі екен. Бірде Қарқаралыдағы ояздың жиналысынан келіп әкесіне сәлем беруге барса, әкесі:

—Сарытеректе қай үйге қондың, тағы да кедей Тілеубайдың үйіне бардың ба? депті. —Сенің келешегің қалай болар екен, сіңірі шыққан кедейді жағалайсың. Сен барып қонатын бай үйлер бар емес пе? — дегенде Нарекең:

— Ой, әке-ай, байлардан жеген қазы-қарта мені қайда апарады? Бидай көжесін ішіп, білмегендерімді сұрап, сусындайтын дария, ақыл иесі Титекеңнен бір ауыз ақыл-өнеге алғаным жақсы емес пе, — депті.

Титекең қайтыс болғанда, Нарекеңе хабар бермепті. Өтеміс ішінде руы Құлық Байыс деген кісі Нарекең үйіне қонып отырады. Нарекең:

—«Ел аман ба, ел азаматтары аман ба?», — деп сұрап отырыпты. Байыс:

—Аман, ешқандай ел азаматы өлген жоқ, — деп Титекеңді айтпай, жатарға келгенде:

—Тілеубай өлді, — дегенде Нарекең:

— Ой, ақымақ Байыс, келген бетте неге маған Титекеңнің өлімін естіртіп, көңіл айтпадың? Түк сезімің жоқ адам екенсің. Шіркін-ай, дүниеден кеткен екен ғой, есіл сабазым! — деп еңіреп жылап жіберіпті.

Титекең өлгеннен кейін шамасы қырқы болуы керек, бір күні Нарекең қасында төрт жігіті бар, жетегінде ту бие, қазіргі «Тоқырауын» совхозының жоғарғы жағындағы Титекеңнің зиратының басына келіп, ту биені сойғызып, елге таратып, екі күн жатып дұға оқытып, қайтып еді, — деп жүз жастағы әкем айтып отырады.

Қабылбек РАМАЗАНҰЛЫ

# “Қоғамдық қор-қамқорлық кепілі” атты мақала


3 СӘУІР 1993 ЖЫЛ. 3 «АРҚА ЕҢБЕККЕРІ»

Аудан әкімінің өкіміне орай

# Қоғамдық қор—қамқорлық кепілі

Амангелді ТҰҒАНБАЕВ.

Нарманбет ОРМАНБЕТҰЛЫ

АУЫЛДЫҢ АЛТЫ АДАМЫНА ХАТ

БЕКТЕМІСОВ ХАЛИОЛЛА ҚЫЗДАРЫНА

СҮТТІБАЙҒА

Патшаның тағы бір политикасы

Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!